



Республикалық жастар газеті

Ақмешіт ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

...Мен жастарға сенемін!

Мағжан



№31 (671)
30 ШІЛДЕ,
БЕЙСЕНБІ
2026 ЖЫЛ

Экономикадағы өсім туралы жағымды жаңалықты жиі естиміз. Жалпы ішкі өнім артып келеді, инвестиция көлемі көбейіп жатыр, орташа жалақы жыл сайын өсуде. Десе де бұл көрсеткіштер қарапайым халықтың күнделікті тұрмысымен қаншалықты үйлеседі?



ТАРАЗЫ

БАСЫНДАҒЫ ТАБЫС ТЕҢ БЕ?

Бүгінде бір отбасы ай сайынғы табысын азық-түлік пен коммуналдық төлемге де жеткізе алмай әлек болса, енді бірінің бірнеше пәтері, тұрақты инвестициялық кірісі мен қомақты жинағы бар. Бір қалада өмір сүріп, бір дүкеннен сауда жасайды, бірақ қаржылық мүмкіндігін екі түрлі дерсіз. Демек, мәселе халықтың қанша табыс табатынында ғана емес, сол табыстың қоғам ішінде қалай бөлініп жатқанында.

Экономистер мұны табыс теңсіздігі деп атайды. Бұл – елдегі барлық қаржының халық арасында қаншалықты әділ бөлінетінін көрсететін маңызды көрсеткіштің бірі. Егер экономикалық өсімнің негізгі пайдасын халықтың шағын бөлігі ғана көрсе, ал қалған бөлігінің табысы баяу өссе немесе мүлде өзгермесе, онда әлеуметтік алшақтық тереңдей түседі. Мұндай жағдайда экономиканың өскенімен, қоғамның барлық мүшесі оның игілігін бірдей көре бермейді.

Ал Ұлттық статистика бюросының мәліметтері халықтың табысы жыл сайын өсіп отырғанын көрсеткенімен, өңірлер арасындағы айырмашылық, ең бай және ең кедей топтардың табыс үлесі, сондай-ақ кедейлік деңгейі қоғамдағы теңсіздіктің әлі де сақталғанын аңғартады.

Ендеше, елдегі бай мен кедейдің арасы қаншалықты алшақ? Сауалға жауап іздеп көрейік.

3-БЕТТЕ

Мәриям ТАЛАСОВА:

Тамыз айының алғашқы жексенбісі – теміржол саласы қызметкерлерінің кәсіби мерекесі. Бұл күн – елдің көлік-логистика жүйесінің үздіксіз жұмыс істеуіне өлшеусіз үлес қосып жүрген мыңдаған теміржолшының еңбегіне құрмет көрсетілетін ерекше дата. Ғасырдан астам тарихы бар қазақстандық теміржол бүгінде жолаушылар мен жүк тасымалдаудың негізгі артериясы ғана емес, ел

экономикасының тұрақты дамуына серпін беретін стратегиялық салаға айналды. Осы үлкен жүйенің әр тетігі өзара тығыз байланысып, тәулік бойы тоқтаусыз жұмыс істейді. Ал сол жүйенің көзге көп көріне бермейтін, бірақ жұмыстың тиімділігіне тікелей әсер ететін маңызды бағыттарының бірі – материалдық-техникалық қамтамасыз ету мен қоймаішілік логистика.

ТЕМІРЖОЛДА ТЕМІРДЕЙ ТӘРТІП БАР

Теміржол инфрақұрылымының үздіксіз жұмыс істеуі үшін қажетті құрал-жабдықтар мен өндірістік қорларды уақтылы қабылдау, сақтау, есепке алу және қажетті орындарға жеткізу – үлкен жауапкершілікті талап ететін жұмыс. Бұл саладағы әрбір шешім өндірістің үдерістің ырғақты жүруіне ықпал етеді. Сондықтан қоймаішілік логистикада еңбек ететін мамандардың кәсібилігі, ұқыптылығы мен жауапкершілігі ерекше бағаланады.

Жастық жалынын осы салаға арнап, өз ісіне адал қызмет етіп жүрген мамандардың бірі – «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының Магистралдық желі дирекциясы филиалы Жабдықтау департаментінің қоймаішілік логистика менеджері Мәриям Таласова. Көпжылдық еңбек тәжірибесі арқылы ол материалдық ресурстарды тиімді ұйымдастыру ісінде мол тәжірибе жинақтады. Кәсіби мереке қарсаңында біз Мәриям Таласовамен әңгімелесіп, оның еңбек жолы, теміржол саласындағы алғашқы қадамдары, қоймаішілік логистиканың ерекшелігі, бүгінгі жұмыс барысы және кейінгі жас буынға берер ақыл-кеңесі жайлы сұрап-білдік.

5

РЕДАКЦИЯҒА ХАТ КЕЛДІ

ОҚЫРМАН ОЙЫН ОҚИТЫН БАСЫЛЫМ

6

Күнделікті өмірде

біз байқамайтын, бірақ санамызды сан құбылатын жасырын соғыстың ортасында жүреміз. Бұл ғылыми тілде «психологиялық манипуляция» деп аталады. Қарапайым тілмен түсіндірсек, бір адамның екінші адамды өз мақсатына пайдалану үшін сөзім мен ойына жасырын әсер етуі. Мұндай қарым-қатынаста құрбан өзінің еркімен әрекет етіп жатырмын деп ойлайды, бірақ іс жүзінде манипулятордың құрған жоспары мен сценарийі орындалады. Бүгін қоғамдағы манипуляция түрлері мен олардың қауіпті тактикаларын және бұл тұзақтан қалай шығуға болатынын талқайаймыз.

Манипулятордың құпия қаруы

Ғылыми зерттеулерге сүйенсек, манипуляция әрқашан ашық агрессиядан бастала бермейді. Ол көбіне «жакындық» пен «жамқорлықтың» астына жасырынады. Мәселен, Газлайтинг әдісін алайық. Бұл тактикада манипулятор құрбанның есте сақтау қабілетіне немесе шындықты қабылдауына күмән тудырады. Манипулятор «Ондай ештеңе болған жоқ, сен бәрін ойдан шығарып тұрсың» деген сөздермен адамды өз парасатына құмандандыра бастайды. Көп жағдайда адам өзін кінәлі сезінген тұсты манипуляторлар қалт жібермейді. Өзін іштей «жеп тұрған» жанды басқару сенімді адамға қарағанда оңай болатыны рас. Мысалы, мына сценарий қоғамда жиі кездеседі. «Сен мені мүлдем ойламайсың, өз қамынды күйттеп кеттің. Мен ауырып қалсам, жалғыз қаламын ғой» деген үлкендер тарапынан айтылатын сөздер баланың өз қалауынан бас тартуына қысым жасайды.

Суреттер ашық дереккөзден алынды

ҰМЫТ ҚАЛҒАН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ

Көктем шығып, өз-Наурыздың келуімен қатар қазақтың салт-дәстүрлеріне деген қызығушылық ерекше арта түседі. Арқан тартыс, ұлттық киім кию, қазақша күрес – мұның бәрі ұлттық мәдениетіміздің ажырамас бөлшегіне айналғалы қашан. Бірақ мейрам өтіп, күнделікті тіршілік басталғаннан кейін ұлттық нақыштан ештеңе қалмағандай, қайтадан баяғы күнделікті күйге түсетініміз жасырын емес.

Қазақ халқы қашанда дәстүрге бай болған. Көшпелі тұрмыс пен дала заңдылықтарына негізделген бұл жоралғылар тек мерекелік рәсімдер ғана емес, сонымен бірге қоғамдық қатынастарды реттейтін, адамгершілік құндылықтарды бойға құятын ар мектебі һәм дала соты іспетті қызмет атқарған.

Уақыт көші ілгерілеп, жаһандану үдерістері күшейген заманда кейбір көне салттар ұмытылып, қолданыстан мүлдем шығып қалды. Ал кейбірінің мазмұны өзгеріп, бастапқы тәрбиелік мәнінен ажырап бара жатыр. Осы орайда ұлттық болмысымыздың алтын дінгегі болған, бірақ уақыт шаңына көміле бастаған бірқатар құнды салт-дәстүрімізді еске түсіріп, олардың мән-мағынасына үңіліп көрейік.

4

Гүлнұр АБЛАЙХАНҚЫЗЫ:

МОТИВАЦИЯ

УАҚЫТША СЕЗІМ ҒАНА

Қазіргі қоғамда адамдардың сыртқы жетістігі көбейгенімен, ішкі тыныштығы мен жан саулығына деген қажеттілік бұрынғыдан да арта түсті. Рас-ақ, күнделікті күйбең тіршілік, ақпарат тасқыны, әлеуметтік желілердегі салыстыру, өмірдің сан түрлі сынағы психологияға айтарлықтай әсер етеді. Осындай сәтте адамның жан дүниесін түсініп, оған бағыт-бағдар беретін мамандардың орны ерекше. Бүгінгі кейіпкеріміз – отбасылық психолог, психосоматолог өрі ислам психологиясы бағытында еңбек етіп жүрген Гүлнұр Аблайханқызы. Маманмен психология саласы туралы сұхбаттасып қайттық.

– Гүлнұр ханым, алдымен өзіңіз туралы айтып өтсеңіз. Психология саласына келуіңізге не себеп болды?

– Сауалыңызға рақмет! Бұл саланы таңдауыма ең алдымен өзімді тануға деген ұмтылыс себеп болды. Адамның ішкі әлемін зерттей келе, көптеген мәселенің түп-тамыры сыртқы жағдайларда емес, балалық шақтағы ішкі жарақаттарда, қалыптасқан сенімдер және өткен өмірдің тәжірибесінде екенін түсіндім. Сол сәттен бастап адамдарға рухани демеу болып, олардың өміріне оң өзгеріс әкелуді өзімнің басты мақсатым деп білдім.

7

КӨРСЕТКІШ ӨСТІ, ҚАРҚЫН КҮШЕЙДІ, МҮМКІНДІК КӨБЕЙДІ

«Үлкен қалаға қоныс аудармай, осында қалсам, үй алуға, тұрақты жұмыс істеуге, кәсіп бастауға мүмкіндік бола ма екен?». Иә, дәл осы сауалға жауап таппай жүрген жастар жетерлік. Себебі оларға әдемі сөз емес, тұрақты жұмыс, қолжетімді баспана, сапалы білім мен бос уақытын тиімді өткізетін орта қажет.

Ал жуырда Өңірлік коммуникациялар қызметінің ақпарат алаңында өткен баспасөз брифингінде дәл осы мәселелерге жауап бола алатын бірқатар көрсеткіш айтылды. Брифинг барысында Қызылорда қаласының әкімі Нұржан Ахатов БАҚ өкілдерімен кездесіп, I жартыжылдықтың қорытындысын таныстырды.

Қалаға ауқымды көлемде инвестиция тартылып жатыр, жаңа өндіріс орындары ашылуда, жүздеген жаңа жұмыс орны құрылмақ. Сонымен бірге кәсіпкерлікті қолдау, жас мамандарды жұмыспен қамту, тұрғын үй құрылысы, спорт пен білім инфрақұрылымын дамыту бағытындағы жобалар да қарқын алған.

Өрине, статистика өз алдына. Бірақ жастар үшін маңыздысы – осы сандардың ертенгі өмірге қалай әсер ететіні. Жас маман туған қаласында қалып, мансап құра ала ма? Қолжетімді баспана көбейе ме? Брифингте айтылған мәліметтерді осы сұрақтардың төңірегінде саралап көрдік.

Қала экономикасының өсімін жастардың көзімен өлшесек, ең әуелі жұмыс орындарына қарау керек. Өйткені инвестицияның, өндірістің, құрылыс пен кәсіпкерліктің нәтижесі еңбек нарығында көрінеді. Брифингте келтірілген мәліметке сүйенсек, жыл

Жобалар іске қосылғанда 600 жаңа жұмыс орны ашылады деп жоспарланған.

Жастардың қалада қалуына жұмыс қана емес, кәсіби өсуге мүмкіндік те әсер етеді. Осы тұрғыдан алғанда, брифингте айтылған «Құзыреттілік орталығының» орны бөлек.

Қызылордада республика бойынша алғашқы «Құзыреттілік орталығы» бой көтерді Құны 5,1 млрд теңге болатын екі қабатты, 1000 орындық орталық бизнес пен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарына ортақ алаң ретінде жұмыс істейді.

Қалада 32 мың кәсіпкер бар. Бұл секторда жұмыспен қамтылғандар саны 63 мың адамнан асады. Бүгінде кәсіпке бет бұрғысы келетін жастар



үшін де мүмкіндік қарастырылған. Жыл басынан бері «Ауыл аманаты» аясында 27 жобаға 224,4 млн теңге көлемінде 2,5 пайыздық жеңілдетілген несие берілген. Бұдан бөлек, «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы 5 жобаға 122,8 млн теңге қаржы бөлінген. «Аграрлық несие



басынан бері «Дипломмен ауылға» бағдарламасы бойынша көтерме жәрдемақыға 47,5 млн теңге бөлініп, 35 маманға 15,1 млн теңге берілген.

Қаладағы халық саны 370 мыңға жуық, ал жұмыс күшінің саны – 150,7 мың адамды құрайды. Жыл басынан бері 4216 адам жұмыспен қамтылған. Оның 1492-сі тұрақты жұмысқа орналасқан. Ал жастар тәжірибесіне 174 жас маман жолданған.

Бұл жерде назар аударатын бір жайт бар. Жастар тәжірибесі – еңбек нарығына енді қадам басқан маман үшін алғашқы баспалдақ. Алайда жас үшін тәжірибеден өту ғана емес, одан кейін тұрақты жұмысқа қалу да маңызды. Яғни, 174 жас маманның неше пайызы тұрақты еңбекке орналасады? Міне, бұл алдағы уақытта бөлек қарауды қажет ететін көрсеткіш.

Жұмыс орындарының көбеюіне жаңа өндірістер де әсер етпек. Мәселен, экономиканы әртараптандыру мақсатында қолға алынған инвестициялық жобалардың бірі – жолаушы вагондарын жөндеу және техникалық қызмет көрсетуге арналған «Марал Нұр» серіктестігінің жаңа өндірістік кешені. Биыл іске қосылған кешенде 100 жаңа жұмыс орны ашылды. Жоба құны – 5,6 млрд теңге. Кешен жылына 600-ден астам жолаушы вагонына қызмет көрсетуге қауқарлы.

Мұнымен қатар алдағы жылдары еңбек нарығына тағы бір серпін беретін екі ірі жоба бар. Испаниялық инвестор «Рока Қазақстан» санитарлық-техникалық жабдықтар өндіретін зауыт салмақ. Екінші жоба – неміс технологиясымен шыны ыдыстар шығаратын зауыты. Екі жобаның жалпы құны 104,1 млрд теңге.



корпорациясы» арқылы 11 жобаға 1,6 млрд теңге қолдау көрсетілген. Ал «Даму» қоры арқылы субсидияланған 11 жобаның жалпы құны 1,7 млрд теңге болған.

Иә, мұнан бөлек спортпен айналысатын орын, мәдени орта, заманауи қоғамдық кеңістік, баспана қажет. Осы бағытта да ірі жобалар бар. Қызылордада 19,7 млрд теңгеге салынып жатқан «Қызылорда Арена» көпфункционалды спорт кешені пайдалануға беруге жакындаған. Аумағы 26 мың шаршы метр болатын

нысанда 50 метрлік жүзу бассейні, 2500 орындық әмбебап спорт залы және 300 орындық конференц-зал болады. Кешен халықаралық деңгейдегі жарыстарды қабылдауға бейімделеді.

Жастардың болашағын сөз еткенде баспана мәселесін айналып өту мүмкін емес. Себебі жас маманның қалада қалуы, отбасын құруы, кәсіби жоспар жасауы көбіне тұрғын үй мәселесінің шешілуіне тәуелді. Биыл тұрғын үй құрылысы мен жеке салушылардан 4919 пәтер сатып алуға 101 млрд 45,7 млн теңге бөлінген. Жекелеп қарасак, оның 1113-і ипотекалық бағыттағы 17 көпқабатты үй, ал 3806 пәтері әлеуметтік осал топтарға арналған.

Жастарға қажет біршама деректі жаздық. Енді қала экономикасының қарқынына келсек, қала бюджетінің көлемі трансферттерді қоса есептегенде 226 млрд 632,3 млн теңгеге жеткен. Ал 1 шілдеге дейін бюджет түсімдері 79 млрд 739,7 млн теңге болып, жоспар 100,8 пайызға орындалған. Салық базасын кеңейту бағытында 6526 салық төлеушімен жұмыс жүргізіліп, қосымша 1 млрд 683,7 млн теңге түсім қамтамасыз етілген.

Ал негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 168 млрд теңгені құрады. Оның ішінде жеке инвестиция 116 млрд 124 млн теңгеге жеткен. Өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда жеке инвестиция 116,9 пайызға өскен. Инвестицияның артқаны құрылыс қарқынынан да көрінеді. Мысалы жұмыс көлемі 73 млрд теңгеге жетіп, 114,8 пайыз көрсеткіш көрсеткен. Жыл басынан бері пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жалпы ауданы 201 399 шаршы метрге жеткен.

Қаладағы инженерлік инфрақұрылымды жаңартуға да қомақты қаржы бағытталған. Су жабдықтау және су бұру жүйесін дамыту бойынша құны 4 млрд 454 млн теңге болатын төрт жоба іске асырылуда.

Гагарин, Титов, Қызылжарма және Әл-Фараби аудандарында су құбырлары салынады. Сонымен қатар қуаты тәулігіне 70 мың текше метр болатын биологиялық тазарту жүйесін жаңғырту және автоматтандыру жұмыстары да жүріп жатыр. Оның жалпы құны – 4,6 млрд теңге.

Қаланың жол-көлік инфрақұрылымын дамытуға биыл 38 млрд теңге қарастырылған. Қаржы 23 жобаға бағытталып, жалпы ұзындығы 71,1 шақырым болатын 71 көшеде күрделі жөндеу және қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Көпір салынып жатқанын айта кеткен жөн.

«Бөйтерек» тұрғын ауданындағы оңтүстік магистралды канал арқылы өтетін жаңа көпірдің құрылысы қыркүйекте аяқталады деп жоспарланған. Торайғыров көшесінен «Қызылорда-Құмкөл» автожолына дейінгі Сағымбаев көшесіндегі қайта жаңғырту да сол айда аяқталмақ.

Ал Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол өткелінің құны 4,6 млрд теңге. Жоба екі жолалы өткелді, көпірді, жаяу жүргіншілер жолын

және тиісті инженерлік инфрақұрылымды қамтиды. Бұдан бөлек, сол жағалау мен қаланы жалғайтын Сырдария үстіндегі автожол көпірін салу жоспары бар. Иса Тоқтыбаев көшесінен өтетін бұл жобаның құны 19,5 млрд теңге. 2026 жылға 3 млрд, 2027 жылға 16,5 млрд теңге бөлу ұсынылған.

Бүгінге айтарымыз – осы. Ақжолтай жаңалық көп болсын!

«АЖ-ақпарат»
Суретті түсірген Н.НҰРЖАУБАЙ



ЕСКЕ АЛУ ТҮРНИРИ ӨТТІ

Сыр өңірінде ел дамуына елеулі үлес қосқан ардақты азамат Қамбарбек Мүбәрақовты еске алуға арналған мемлекеттік қызметшілер арасындағы облыстық футбол турнирі өтті.

Ашылу салтанатына облыс әкімі Мұрат Ерғешбаев, облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеумбетов, облыстық қоғамдық кеңестің төрағасы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің басқарма төрағасы-ректор Наурызбай Байқадамов, мемлекет және қоғам қайраткері Руслан Рүстемов, зиялы қауым өкілдері және отбасы мен ағайын-туыстары қатысты.

Рәсімде аймақ басшысы Қамбарбек Амангелдіұлының қажырлы еңбегі мен адал қызметін еске алып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

– Баршаңызды бүгінгі турнирдің ашылуымен құттықтаймын! Жарыстың ашылу салтанатына орай Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Машбекұлы арнайы құттықтауын жолдады.

Қамбарбек Амангелдіұлы саналы ғұмырын Сыр өңірінің өсіп-өркендеуіне арнап, мемлекеттік қызметте адал еңбектің үлгісін көрсетті.

Қызмет жолында Шиелі ауданының әкімі, облыстық тексеру комиссиясының төрағасы, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары, кәсіпкерлік және өнеркәсіп, экономика және қаржы басқармаларының басшысы болған уақытта ел мүддесін негізге ала отырып, аймағымыздың әлеуметтік-экономикалық дамуына, тұрғындардың әл-ауқатын арттыруға, байыпты бастамалар мен тың жобаларды жүзеге асыруға ерекше үлес қосты.

Әріптесіміз қай қызметте де биік парасатымен абыройға кенеліп, азаматтық ұстанымымен, іскерлік қасиетімен, мол тәжірибесімен көпке үлгі болды.

Бүгінгі спорт сайысы асыл азаматтың есімін ел жадында мәңгі сақтап, жастарға үлгі-өнеге ретінде насихаттау мақсатында ұйымдастырылып отыр.

Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі түрде жалғастырамыз. Осындай спорттық шараларда шыңдалған жастарымыз байрақты бәсекелерде ел мерейін үстем етіп, көк Туымызды биікте желбірете берсін! – деді аймақ басшысы.

Іс-шарада үзенгілес досы, әріптесі Руслан Рүстемұлы, Қамбарбек Амангелдіұлының ағасы Бақытжан Амангелдіұлы сөз сөйледі.

Тартысты бәсекеде шеберлігімен танылып, дараланған спортшыларға номинация табыс-талды. Ал командалық есепте озық шығып, жеңіс тұғырынан көрінген үздік ұжымдарға медальдар мен ақшалай сертификаттарды Қызылорда облыстық дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Бахтияр Артаев табыс етті.

«АЖ-ақпарат»

ТАЛАП БҰЗҒАНДАР АЙЫППҰЛ ТӨЛЕДІ

Құрылыстың да талабы бар. Тәртіпке бас имегендердің қалтасына самақ түсіп, айыппұл арқалайды. Жыл басынан бері Қызылорда қаласында талап сақтамағандар 24,4 млн теңгеден астам айыппұл төледі. Бұл туралы қалалық әкімдікте өткен брифингте қалалық сәулет және қала құрылысы бөлімінің басшысы Дінмұхамбет Сырлыбаев айтты.

– Құрылыс саласындағы жұмыстар да қарқынды жүргізілуде. Жыл басынан бері меншік иелерінің 1 045 қабылдау актісі есепке алынып, жалпы ауданы 158 мың шаршы метрден асатын 514 тұрғын үй пайдалануға берілді. Сонымен бірге әлеуметтік, коммерциялық және инженерлік инфрақұрылымға қатысты 323 нысанның қабылдау актілері қаралып, олардың 237-сі есепке алынды.

Қаланың сәулеттік тәртібін сақтау мәселесіне де ерекше назар аударылуда. Құрылыс нысандарына жүргізілген мониторинг нәтижесінде 99 нысан бойынша мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау

басқармасына құжаттар жолданып, заң талаптарын бұзған тұлғаларға 24,4 миллион теңгеден астам айыппұл салынды. Сонымен қатар елді мекендерді абаттандыру қағидаларын бұзғандарға қатысты биыл наурыз айынан бері 107 әкімшілік хаттама рәсімделіп, оның ішінде 46 жағдайда айыппұл салынды, – дейді Дінмұхамбет Сырлыбаев.

Қала келбетін жаңғырту бағытындағы бастамалар да кезең-кезеңімен жүзеге асырылып келеді. Биыл сауда нысандарының орналасуы, аллеялар мен скверлердегі шағын сәулеттік формаларды орналастыру, Әбілхайыр хан көшесін абаттандыру, Н.Назарбаев даңғылы бойындағы көпқабатты тұрғын үйлердің қасбеттерін әрлеу, әлеуметтік және кәсіпкерлік нысандардың жарықтандыру жүйесін жаңарту сияқты бірнеше эскиздік жоба әзірленді. Сондай-ақ жаңа аллеялар салу, балалар және спорт алаңын көбейту, көгалдандыру жұмыстарын күшейту, жаяу жүргіншілерге қолайлы кеңістіктер қалыптастыру көзделген.

Қаладағы көше атаулары мен тұрғын үйлердің нөмірленуін жүйелесу бағытындағы жұмыстар да жалғасуда. Қайталанатын әрі талапқа сәйкес келмейтін көше атаулары қайта қаралып, жаңа карта-схемалар әзірленді. Тұрғын үйлердің нөмірлері бірыңғай

тәртіпке келтіріліп, көше атауы мен үй нөмірі тақтайшалары белгіленген стандарттарға сәйкес жаңартылуда. Бұл өз кезегінде қала тұрғындары үшін ғана емес, жедел қызметтердің жұмысына да қолайлы жағдай қалыптастырмақ.

Алдағы уақытта Қызылорданың дамуына негіз болатын маңызды құжаттардың бірі – қаланың жаңа Бас жоспары. Бүгінде бұл жоба кезең-кезеңімен әзірленіп, оның алғашқы кезеңі толық аяқталды. Жоба аясында қаланың аумағы кеңейтіліп, бірқатар саяжай массивтерін елді мекендер санатына енгізу мүмкіндігі қарастырылды. Су қорғау аймақтары нақтыланып, санитарлық қорғау аймақтарының жобалары әзірленді, топографиялық түсірілімдер жүргізілді. Қоғамдық тапқылаулар мен экологиялық бағалау рәсімдері аяқталып, бас жоспарды тамыз айында мемлекеттік сараптамаға ұсыну, ал жыл соңына дейін бекіту жоспарланып отыр.

Сонымен бірге Тасбөгет кенті, Қызылжарма ауылдық округі және Досан ауылының жеке бас жоспарларын әзірлеу жұмыстары жүргізілуде. Жобалар бойынша қоғамдық тыңдаулар өткізіліп, мемлекеттік сараптама талаптарына сәйкес экологиялық қорытындылар алу бағытында жұмыстар жалғасып жатыр.



Қаланы урбанистикалық тұрғыдан дамыту мәселесі де күн тәртібінен түскен жоқ. Осы мақсатта Қызылорда үшін ландшафттық шеберлік-жоспар, бірыңғай сәулеттік стандарттар, көгалдандыру сапасының талаптары, жарықтандырудың шеберлік-жоспары мен қалалық брендбук әзірлеуге облыстық бюджеттен 550 миллион теңге бөлу жөнінде бюджеттік сұраным жолданды. Бұл бастамалар Қызылорданың өзіндік сәулеттік ерекшелігін айқындап, заманауи әрі үйлесімді қалалық ортаны қалыптастыруға мүмкіндік бермек.

Фарица ТӨРЕХАНОВА



Басы 1-бетте

Бай мен кедейдің арасы қаншалық алшақ?

Иә, экономикалық өсімнің игілігі халықтың барлығына бірдей жетпеуі мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда ең маңызды көрсеткіштердің бірі – халықтың табысын децильдік топтарға бөлу. Бұл әдіс бойынша тұрғындар табысына қарай он тең топқа бөлінеді. Алғашқы 10%-ы – табысы ең төмен азаматтар болса, соңғы 10%-дың қатарына ең жоғары табысқа ие тұрғындар кіреді.

Ұлттық статистика бюросы жыл сайын халықтың 10%-дық топтары бойынша табыстың үлесін, қорлар коэффициентін жариялайды. Бұл көрсеткіштер табыс теңсіздігінің деңгейін бағалауда халықаралық тәжірибеде кеңінен қолданылады.

Бір қарағанда Қазақстандағы теңсіздік әлемнің кей мемлекетімен салыстырғанда аса жоғары көрінбеуі мүмкін. Алайда мәселе тек жалпы көрсеткіште емес. Табыстың басым бөлігі жоғары кірісті азаматтардың қолында шоғырланған сайын, төмен табысты отбасылардың күнделікті тұрмысындағы қиындықтар да көбейеді. Мұны әсіресе азық-түлік бағасының қымбаттауы, тұрғын үйдің қолжетімсіздігі және өңірлер арасындағы жалақы айырмашылығы күшейте түседі.

Экономистер табыс теңсіздігінің ұзақ сақталуы бірнеше тәуекелге алып келетінін айтады. Біріншіден, әлеуметтік мобильділік төмендейді. Яғни табысы төмен отбасының баласына жоғары білім алып, жақсы қызметке орналасу қиындай түседі. Екіншіден, ішкі тұтыну баяулайды. Себебі халықтың басым бөлігі табысының көп бөлігін күнделікті қажеттілікке жұмсайды. Үшіншіден, өңірлер арасындағы көші-қон күшейіп, еңбек нарығындағы теңгерімсіздік артады.

Сондықтан бай мен кедейдің арақатынасын тек әлеуметтік мәселе ретінде қарастыру жеткіліксіз. Бұл – экономиканың тұрақты дамуына, еңбек өнімділігіне және қоғамдағы әлеуметтік тұрақтылыққа тікелей әсер ететін маңызды индикатор.

Джини коэффициенті нені көрсетеді?

Экономикада Джинни коэффициенті деген ұғым бар. Мұны табыс теңсіздігін бағалау үшін қолданады. Оның мәні 0 мен 1 аралығында өзгереді. Көрсеткіш нөлге жақындаған сайын қоғамдағы табыс айырмашылығы азаяды, яғни қаржы халық арасында біркелкі бөлінген деген сөз. Керісінше, көрсеткіш бірге жақындаған сайын табыс аз ғана топтың қолына шоғырланып, әлеуметтік алшақтық күшейе түседі.

Кейінгі жылдардағы статистикаға қарағанда, елдегі Джини коэффициенті 0,291-ді көрсетіп тұр. Сонымен қатар қорлар коэффициенті де есептеледі. Бұл – қоғамдағы ең бай және ең кедей тұрғындардың табыс айырмашылығын көрсетеді. Яғни жоғары табысы бар 10 пайыз халықтың орташа табысы ең төмен табыс табатын 10 пайыз азаматтың орташа кірісінен қанша есе көп екенін есептейді. Былтыр Қазақстанда бұл көрсеткіш 5,98 болды. Яғни ең ауқатты 10 пайыз халықтың табысы ең кедей 10 пайыз халықтың табысынан шамамен алты есе жоғары болған.

Алайда бұл көрсеткіштердің де өз шектеуі бар. Олар табыстың жалпы бөлінісін сипаттайды, бірақ

өңір арасындағы айырмашылықты, инфляцияның әсерін немесе халықтың нақты сатып алу қабілетін толық көрсете алмайды. Мәселен, Атырау облысындағы орташа табыс пен Түркістан немесе Жетісу

теңге, Қызылорда облысы – 178795 теңге деңгейінде қалып отыр.

Мұндай алшақтықтың бірнеше себебі бар. Мұнай өндіретін облыстарда еңбекақы жоғары. Ал ірі қалаларда қаржы, IT, бизнес қызметтері, логистика және корпоративтік сектор жақсы дамыған. Керісінше, ауыл шаруашылығына тәуелді өңірлерде маусымдық жұмыс көп, еңбек өнімділігі төменірек және жоғары жалақылы жұмыс орындарының саны шектеулі.

Сарапшылардың пікірінше, өңірлік теңсіздіктің сақталуы ішкі көші-қонды күшейтеді. Жастардың басым бөлігі жоғары жалақы іздеп Алматы мен Астанаға қоныс аударады. Соның салдарынан бір өңірде еңбек күші тапшылығы байқалса, екінші өңірде тұрғын үй бағасы қымбаттап, әлеуметтік инфрақұрылымға түсетін салмақ арта түседі.

Өңірлік айырмашылық халықтың нақты сатып алу қабілетінен де байқалады. Быыл I тоқсанда атаулы ақшалай табыс индексі 111,8 пайызға жеткенімен, нақты ақшалай табыс индексі небәрі 100,1 пайызды құрады. Яғни халықтың табысы номиналды түрде өскенімен, инфляция бұл өсімнің басым бөлігін жұтып қойған. Демек, жалақыдағы өсім

ТАРАЗЫ БАСЫНДАҒЫ ТАБЫС ТЕҢ БЕ?



облысындағы табыс көлемі арасында елеулі айырмашылық бар. Сондықтан табыс теңсізгін бағалағанда өңірлік ерекшеліктерді ескермеу толыққанды қорытынды жасауға мүмкіндік бермейді.

Бір елдегі әртүрлі табыс. Өңірлердің арасындағы айырмашылық нені аңғартады?

Қазақстанда табыс теңсіздігі тек бай мен кедейдің арасындағы айырмашылықпен шектелмейді. Ол географиялық сипатқа да ие. Бір облыстағы азаматтың ай сайынғы табысын екінші өңір тұрғындарының кірісінен екі есе жуық жоғары болуы мүмкін. Бұл еңбек нарығының құрылымына, өндірістің дамуына, табиғи ресурстарға және урбанизация деңгейіне тікелей байланысты.

Ұлттық статистика бюросының 2026 жылғы I тоқсан бойынша алдын ала бағалауына сәйкес, елдегі жан басына шаққандағы орташа атаулы ақшалай табыс айына 252 619 теңгені құрады. Алайда бұл – республикалық орташа көрсеткіш қана. Өңірлерге үңілгенде айырмашылықтың ауқымы анық байқалады.

Ең жоғары табыс Алматы қаласында тіркелген. Мұнда бір тұрғынның орташа айлық табысы – 408182 теңге. Одан кейін Ұлытау облысы – 353036 теңге, Астана қаласы – 352811 теңге, Атырау облысы – 323716 теңге. Бұл өңірлерде тау-кен өнеркәсібі, мұнай-газ секторы, қаржы қызметтері мен жоғары жалақы төленетін жұмыс орындарының үлесі басым.

Ал табысы ең төмен өңірлердің қатарында Түркістан облысы тұр. Мұнда жан басына шаққандағы орташа атаулы табыс небәрі 143 409 теңге. Сондай-ақ Шымкент қаласы – 160 951 теңге, Жамбыл облысы – 166 768 теңге, Жетісу облысы – 173 876

тұрғындардың тұрмысын дәл сондай деңгейде жақсартқан жоқ.

Әлеуметтік жағдайды сипаттайтын тағы бір маңызды көрсеткіш – кедейлік деңгейі. Өткен жылдың қорытындысында Қазақстанда халықтың 5 пайызының табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен болды. Ең төмен кедейлік деңгейі Астана қаласында – 2,7 пайыз. Ал Қостанайда 3,8%, Абайда 7,7%. Бұл өңірлер арасындағы экономикалық мүмкіндіктердің әркелкі екенін тағы бір дәлелдейді.

Ranking.kz порталы Ұлттық статистика бюросының деректеріне сүйені отырып жасаған талдауында да осы үрдіске назар аударады. Сараптамаға сәйкес, 2025 жылы Қазақстандағы Джини коэффициенті – 0,291, ал қорлар коэффициенті – 5,98 болды. Яғни ең жоғары табыс алатын 10 пайыз халықтың табысы ең төмен табыс алатын 10 пайыз халықтың табысынан шамамен алты есе жоғары.

Бұл көрсеткіштер Қазақстанда табыс теңсіздігі әлемдегі ең жоғары деңгейде болмаса да, ел ішінде әлеуметтік және өңірлік алшақтықтың сақталғанын көрсетеді. Экономикалық өсім барлық өңірде бірдей қарқынмен сезілмейінше, республика бойынша орташа көрсеткіштердің артуы бөрінің тұрмысы жақсарды дегенді білдірмейді. Сондықтан бүгінгі таңда негізгі мәселе – экономикалық өсімді қамтамасыз ету ғана емес, оның нәтижесін өңірлер арасында теңдей бөліп, азаматтардың өмір сүру сапасын біркелкі жақындату.

Теңсіздік қайдан пайда болады?

Бай мен кедейдің арасындағы айырмашылық бір күнде пайда болған құбылыс емес. Бұл – экономиканың құрылымы, еңбек нарығы, білім беру сапасы, өңірлердің даму деңгейі және мемлекеттік саясат сияқты көптеген фактордың жиынтық нәтижесі. Сондықтан табыс теңсіздігін тек жалақы көлемімен өлшеу жеткіліксіз.

Ең алдымен, айырмашылық еңбек өнімділігінен басталады. Қазақстанда мұнай-газ, тау-кен өндірісі, қаржы және телекоммуникация салаларында еңбек өнімділігі жоғары болғандықтан, бұл салалардағы жалақы да елдегі орташа деңгейден әлдеқайда жоғары. Ал білім беру, мәдениет, ауыл шаруашылығы немесе әлеуметтік қызмет көрсету салаларында еңбек өнімділігі төмен болғандықтан, еңбекақы көлемі де айтарлықтай аз.

Екінші себеп – өңірлік экономиканың әркелкі дамуы. Мысалы, Атырау мен Ұлытау облыстары табиғи ресурстардың арқасында жоғары табыс қалыптастырса, аграрлық бағыттағы облыстардың

Білім беру мен кәсіби біліктілік те табыс көлеміне тікелей ықпал етеді. Еңбек нарығында цифрлық технологияны меңгерген, инженерлік немесе техникалық мамандық иелері жоғары жалақы алуға мүмкіндік тапса, біліктілігі төмен қызметкерлердің табысы баяу өседі.

Тағы бір назар аударатын мәселе – активтердің бөлінуі. Кей азаматтар тек еңбекақымен күн көрсе, енді бірінің табысы жалдамалы пәтерден, кәсіпкерліктен, бағалы қағаздардан немесе басқа инвестициялардан түседі. Яғни табыс тек еңбекпен емес, капитал арқылы да қалыптасады. Бұл айырмашылық уақыт өте келе одан әрі ұлғая береді.

Сарапшылардың пікірінше, табыс теңсіздігін азайтудың басты жолы – экономикалық өсімді барлық өңірге бірдей жеткізу, жоғары өнімді жұмыс орындарын көбейту, сапалы білімге қолжетімділікті арттыру және шағын әрі орта бизнестің дамуына жағдай жасау. Өйткені әлеуметтік төлемдер теңсіздіктің салдарын уақытша жеңілдеткенімен, оның түпкі себебін жоя алмайды.

Бұл мәселеге казакстандық және халықаралық зерттеушілер де бірнеше рет назар аударған. Мысалы жыл басында Business Perspectives-те жарияланған ғалымдардың зерттеуінде елдегі табыс теңсіздігінің сақталуына институционалдық әлсіздік, экономиканың шикізат секторына тәуелділігі және табысты қайта бөлудің тиімді тетіктерінің жеткіліксіздігі әсер ететіні айтылған. Зерттеу авторлары әлеуметтік саясаттың өзі жеткіліксіз екенін, ең алдымен өнімді жұмыс орындарын көбейту, өңірлер арасындағы даму айырмашылығын қысқарту және еңбек өнімділігін арттыру қажет екенін атап өтеді.

Мұндай тұжырымды Дүниежүзілік банк те қолдайды. Ұйымның Қазақстан бойынша «Poverty and Equity Assessment» баяндамасында елде орта таптың қалыптасуы баяулағаны, ауыл мен қала арасындағы айырмашылықтың сақталғаны және кедейліктің әсіресе көпбалалы отбасылар мен балалар арасында көбірек шоғырланғаны көрсетілген.

Таразының бір басы әлі де ауыр

Экономикадағы өсім – кез келген мемлекет үшін маңызды көрсеткіш. Бірақ өсімнің өзі түпкі мақсат емес. Оның шынайы өлшемі – қарапайым халықтың тұрмысында сезілуі. Егер өндіріс көлемі ұлғайып, инвестиция көбейгенімен, азаматтардың басым бөлігі табысын күнделікті қажеттіліктен арттыра алмаса, онда экономикалық жетістіктің қоғам үшін құны төмендейді.

Өріне, нарықтық экономика жағдайында бәрінде бірдей табыстың болуы мүмкін емес. Біреудің кәсібі бар, біреу жалдамалы қызметте еңбек етеді. Бірі технологиямен жұмыс істесе, екіншісі ауыл шаруашылығында еңбек етеді. Алайда мүмкіндік теңдігі сақталуы тиіс.

Біз күнде айтып жүрген әділетті Қазақстан құрудың негізгі шарттарының бірі – экономикалық әділдік екенін де ұмытпаған жөн. Бұл қағида нәтижеге айналу үшін экономикалық өсімнің жемісі елдің әр өңіріне, әр отбасына және әр азаматқа жетуі маңызды.



Экономистер көлеңкелі экономиканың да әсерін жоққа шығармайды. Елде ресми тіркелмейтін табыс көздері әлі де бар. Мұндай жағдайда жоғары табыс алатын азаматтардың нақты кірісі статистикада толық көрінбеуі мүмкін. Бұл табыс теңсіздігін бағалауды күрделендіреді.

Аман ЖАН
Суреттер ашық дереккөзден алынды

Басы 1-бетте

ТУҒАН ЖЕРДІ ҰМЫТПА!

Ұмытылып бара жатқан құнды ғұрыптардың бірі – аунату. Бұл – қазақ халқында елге сыйлы, абыройлы, ақылды немесе батыр адам үйге қонаққа келгенде орындалатын дәстүр. Мұндай қадірлі тұлға үйден аттанғаннан кейін, оның отырған немесе жатқан орнына кішкентай баланы аунатып алатын болған. Бұл ырым «баламыз осы атасына тартсын, бойына осы кісінің асыл қасиеттері қонсын, рухты болсын» деген ниетпен орындалған. Қазақ дүниетанымында «құт» пен «дарыған қасиет» физикалық кеңістік арқылы да беріледі деген сенім болған. Мәселен, қырғыздың заңғар жазушысы Шыңғыс Айтматовтың үйіне қазақтың ұлы жазушысы Мұхтар Әуезов келген кезде, Айтматов өзінің бел баласын Әуезов отырған жеріне аунатып алғаны тарихи деректерде кездеседі.

Сондай-ақ, елге белгілі тұлға ұзақ уақыттан кейін еліне оралғанда, ағайын-туыс оны туған жердің топырағына аунатып алған. «Бәрібір сен туған жерге баласың» деген сөз осымен байланысты. Атауы ұқсас болғанымен, бұл екі ғұрыптың мағыналық жүгі екі түрлі. Белгілі этнограф Сейіт Кенжеахметұлының еңбектерінде бұл

бәсіре пырағын жетелеген азаматтың жолын кесуге болмайды, өтіп кет!» деп бұйыра тіл қатқан дауысы әлі құлағымда».

Бұл естеліктен қазақ қоғамында баланың да, оның бәсіресінің әлеуметтік мәртебесі қаншалықты жоғары болғанын аңғаруға болады. Бәсіре туралы ақиық акын Мұқағали Мақатаев та ерекше тебіреніспен жырлаған:

«Жылқышы атам – қамқоршы, асыл еді,
Әкелді де, ерттеді бәсірені.
Үзенгімді тең теуіп, орныққанша,
Бәсірені құлақтан басып еді.
Асау тай мөңкітуғын көрінбеді,
Төбінбеді, немесе шегінбеді,
Атам тайдың құлағын қоя беріп,
Тізгін-шылбыр ұстатып: – төбін! – деді».

Бұл дәстүрдің бала тәрбиесіндегі рөлі орасан зор. Бала өз бәсіресімен бірге өсіп, оған күтім жасау арқылы еңбекке араласады, малдың қадірін түсінеді. Бұл бала бойында жауапкершілік, қамқорлық және шаруашылыққа икемділік қасиеттерін қалыптастырады.

«ӘЛДИ, ӘЛДИ, АҚ БӨПЕМ»

Иә, бесік жыры туралы естімеген қазақ баласы кемде-кем шығар. Оны мектеп кезінен жатқа білетіндер де жеткілікті. Бірақ, өкінішке қарай, қазіргі

ҰМЫТ ҚАЛҒАН ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚ



Сурет ашық дереккөзден алынды

дәстүр туралы былай делінген: «Әдетте басқа жақта тұратын ер-азаматтар туған жеріне келгенде, оны жерге аунатып алатын жақсы дәстүр бар. Мұның мән-мағынасы өте терең. Біріншіден, «сен осы жерде тудың, мұны ұмытпа, перзенттік қарызыңды өте» деген мағынаны білдіреді. Екінші, «туған жер – ата-анаң, отаның, оның жақсы қасиеттері бойында, ойыңда мәңгі жүрсін» деген терең тәрбиелік мән жатыр», – деп жазады ғалым өзінің еңбегінде.

Бұл ғұрып адам бойындағы отансүйгіштік сезімді оятып, тамырынан ажырамауға үндейтін рухани тәрбие құралы болған.

«БӘСІРЕНІ ҚҰЛАҚТАН БАСЫП ЕДІ»

Байқағанымыздай, қазақ дүниетанымында кішкентай бүлдіршіндерге арналған дәстүрлердің орны ерекше. Бір дәстүр баланы үлкендерді үлгі тұтуға, жақсылықты тануға бағыттаса, келесі бірі кішкентайынан еңбекке баулуға, жан-жануарға қамқор болуды үйретуге негізделген. Осындай маңызды ғұрыптың бірі – бәсіре атау.

«Шанырақта ұл бала дүниеге келген сәттен бастап, баланың ата-әжесі немесе жасы үлкен туыстарының бірі жаңа туған нәрестеге арнап бәсіре атайтын болған. Қазақтың өмірі төрт түлік малмен тікелей байланысты болғандықтан, ұл бала дүниеге келгенде сол күндері туған құлынды немесе ботаны «нәрестенің бәсіресі» деп салт бойынша белгілеген. Қазақ халқының ұғымында дүниеге келген баланың болашағы мен өмірі өзіне атаған бәсіремен тығыз байланысты, тағдырлас деп есептелген. Сондықтан ол малды басқа адам мінбейді, ешкімге сатпайды және сыйға тартпайды. Бәсіре мүмкіндігінше жүйрік, жорға, мықты малдан таңдалғаны дұрыс саналған», – деп жазады Ардақ Сәкенқызы.

Бәсіре туралы әдеби әңгімелер мен естеліктер өте көп. Соның бірі – белгілі жазушы, этнограф Акселеу Сейдімбектің «Ойтолғақ» атты жазбасындағы естеліктері. Ғалым балалық шағын былай деп еске алады: «Менің есімнен кетпейді, алты-жеті жасымда бәсіре тайымды бұлақтан суарып, қайтып келе жатқанымда алдымнан жолыққан қарт ана маған жол беріп, өткізіп жіберіп еді. Мен пионерлік түсінікпен «Апа, өтіңіз» дегенімде әлгі кейуана: «Жоқ, шырағым,

смартфон мен түрлі гаджет пайда болғалы, біз тыңдайтын әсем әуендер мен жасанды дыбыстар ана мен бала арасындағы көпірді үзіп бара жатқандай. Бесік жырының бала дамуына тигізер физиологиялық және психологиялық пайдасы жайлы заманауи ғалымдар жиі айтады.

2001 жылы Ресейдің Тюмень қаласындағы зерттеушілер арнайы ғылыми тәжірибе жүргізген. Олар жастары қарайлас сәбилерді екі топқа бөліп, ұзақ уақыт бойы бақылайды. Бірінші топтағы сәбилер ұйықтар алдында тек анасының жанды дауыспен айтқан әлдіін тыңдаса, екінші топтағы балаларға түрлі классикалық және заманауи музыкалық әуендер қойылған. Алты айдан кейін сәбилердің ми қыртысын арнайы аппараттармен тексергенде, таңқаларлық нәтиже тіркеледі. Ана әлдіін естіп өспеген балалардың миындағы нейрондық байланыстардың баяу дамып, олардың танымдық және ойлау қабілеттерінің белгілі бір деңгейде тежелгені анықталған. Бұған оның «Халық әдебиеті туралы» атты мақаласы дәлел. Халық әдебиеті – ұрпақтан ұрпаққа мұра болып келе жатқан баға жетпес дүние. Әрине, ол уақыт өте келе ауыздан-ауызға тарап, мүлдем өзгеріссіз қалмаса да, негізгі мазмұнын жоғалтқан жоқ. Әрбір ана, әже бойындағы бар мейірімі мен ақылын, ізгі тілегін осы бір әуезді жырға сыйдырған. Қазақ баласының зерек, алғыр, білімге құштар болып, елін сүйіп өсуінің бір сыры осы ана әлдіінің құдіретінде жатса керек.

«Түрлі ою ойысып,
Ұста болар ма екенсің?
Сөйлегенде сөз бермей,
Шешен болар ма екенсің?
Ұлы топта күрескен
Палуан болар ма екенсің?».

АЛЫСТАҒЫ ТУМАДАН, ЖАҚЫНДАҒЫ КӨРШІҢ АРТЫҚ

Ертеде дала халқы «алыстағы тумадан, жақындағы көршің артық» деп, іргелес

отырған көршісін ерекше сыйлаған, тіпті онымен туысқандай араласқан. Көшпелі қазақ тұрмысында шұрайлы қоныс, құтты мекен іздеу мақсатында ұзақ жол жүру үйреншікті жағдай еді. Мұндай ұзақ әрі қиын көш кезінде жеңіл жүру үшін адамдар артық азық-түлік жүктемеген.

Көшіп бара жатқан отбасы ұзақ жолдан шаршап-шалдығып, тынығу үшін белгілі бір ауылдың жанына келіп аялдайды. Мұндай жаңадан көшіп келген көршілерді қарсы алу рәсімін қазақта «еру» немесе «ерулік беру» деп атаған. Жаңа көршілерді көрген бүкіл ауыл адамдары жиналып, олардың жүгін түсіруге көмектескен, киіз үйлерін тігісіп, отын-суын дайындап берген. Көш көлігінің жем-шөбін реттеп, шаршаған жолаушыларға

бірден ыстық дәм ұсынған. Жаңа көшіп келген отбасыны бала-шағасымен бірге кезек-кезек үйлеріне шақырып, ауыл үлкендерімен және көрші-көлеммен таныстыру үшін арнайы «ерулік ас» берген. Осылайша, екі жактың балалары да тез тіл табысып, бір үйдің баласындай өсетін болған.

Ерулік асы әдетте қысқы соғымның ең таңдаулы, сүбелі мүшелерінен – қазы-карта, жал-жаядан дайындалған. Кейде жаңа көршілердің құрметіне арнайы қой да сойылған. Егер көшіп келгендер жаңа отау құрған жастар болса, ауыл әйелдері оларға ыдыс-аяқ, көрпе-төсек сияқты күнделікті тұрмысқа аса қажетті заттарды сыйға тартып, қамқорлық танытқан.

«ДЕНГЕНЕ ЖЕУГЕ КЕЛДІК»

Қазақ даласында әлеуметтік көмек көрсету мен ынтымақтастықты нығайтудың, сондай-ақ жастардың белсенділігі мен күш-жігерін сынаудың үлгілері көп. Соның бірі – «денгене» салты. Бұл дәстүр бойынша, көрші ауылдың бір топ қайратты да өнерлі жас жігіттері бас қосып, ауылдағы дәулетті, қолы ашық үйлердің біріне келіп: «Денгене! Денгене жеуге келдік!» деп айғайлайтын болған. Үй иесі бұл сөзді естіген соң, қонақжайлық заңына сәйкес, қарсылық танытпай, бір семіз қойды сойып, оның етін түгелдей үлкен қазанға салдырып пісірген.

Ойынның шарты мынандай: келген жігіттер сол қойдың етін түгелдей жеп, сорпасын соңғы тамшысына дейін ішіп тауысуы тиіс болған. Егер олар бұл шартты орындай алмай, етті тауыса алмай қалса, айыппұл ретінде үй иесіне бір қойдың орнына екі қой қайтаруға міндеттелген. Бұл дәстүрдің негізгі мақсаты – жастарды достыққа, ауызбіршілікке тәрбиелеу, сонымен қатар олардың жігерін, төзімділігін және физикалық күшін сынау болған.

Дегенмен, бұл салт туралы басқа да тарихи пайымдар бар. «Қазақ энциклопедиясында» бұл дәстүр былай сипатталады: «Тағы бір қызығы, ел арасында бұрын бір қойдың етін жалғыз өзі жеп тауысатын мешкейлер көп болған. XIX ғасырдың соңында Аргын тайпасының ішіндегі Тінет руында Шінтән деген атақты мешкей өмір сүрген. Оған бір қойдың еті жұғын да болмайды екен. Ал Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде «денгене» сөзінің қолданылуы сәл өзгешелеу болған. Бұл жақта 4-5 отбасы бірігіп, бір малды ортақтасып сойып алатын. Ол ет таусылған соң, кезекпен келесі үй мал шығаратын. Осылайша бұл үрдіс кезекпен жалғаса беретін. Мұның себебі – қыс мезгілінде күн жылы болатын оңтүстік аймақтарда соғым еті ұзақ сақтау мүмкін болмағандықтан, ет бұзылып кетпес үшін осындай тиімді әрі үнемді тәсіл ойлап табылған».

Ата-бабамыздан мұра болып қалған әрбір салт-дәстүр мен ғұрыптың астарында біз білмейтін сыр жатыр. Біз бұл дәстүрлерді тек мұражай жәдігері ретінде қарастырмай, олардың тәрбиелік мәнін заманауи өмірімізге икемдей отырып қолдануымыз қажет. Мысалы, көпқабатты үйлерге жаңадан көшіп келген көршілерге «ерулік» беру, балаларымызға гаджет ұстатқанша бесік жырын айтып ұйықтату сияқты қарапайым қадамдар ұлттық кодымызды сақтап қалудың төте жолы болмақ.

М.МАЙБЕКҚЫЗЫ

Бақытты отбасы сенім мен сыйластықтан құралады



Отбасы – адам баласының алтын дiңгегi, шаттық пен шуақ тұнған шағын отан. Ол – жүрекке жылу сыйлайтын мекен, көздің қарашығындай сақтайтын қасиеттi ұғым. Бақыт уалаған шаңырақта махаббат пен сенiм қатар жүредi. Ал күллi жақсылық пен мейiрiм осында бастау алады. Сондай өнегелi, көпке үлгi, көпбалалы отбасының бiрi – Ерболат Жанбаев пен Айни Толыбаеваның жанұясы.

Бақыт – әркім өз соқпағымен іздейтін, бірақ тек шынайы сезім мен өзара түсіністік орнаған мекеннен ғана табылатын асыл қазына. Бір сыныптың қабырғасында басталған қарапайым таныстықтан бүгінгі берекелі шаңыраққа дейінгі жүріп өткен жол – сөзіміздің айқын дәлелі.

– Алғаш көргенде бір-бірімізді ашық мінезді, сыпайы жан ретінде қабылдап, уақыт өте жақсы көретінімізді түсіндік. Өмірлік құндылығымыздың ұқсастығы, болашаққа деген ортақ арманымыз бізді бір арнаға тоғыстырды. Алғаш шаңырақ көтеріп, жаңа өмірдің табалдырығын аттағанда ең үлкен қиындық жаңа тұрмысқа бейімделу мен жауапкершілікті бөлісу болды. Десе де, ашық сөйлесу мен бір-бірімізді тыңдай білу қасиеті бізді тығырықтан сақтап келеді. Тұрмыстағы түрлі міндетті мүмкіндігімізге қарай тең бөлісіп, үй шаруасын да бірге атқарып келеміз. Ал отбасылық бюджет пен маңызды шешімдер тек ақылдасу арқылы жүзеге асады. Алғашында жас отбасында кикілжің болып тұрады, бірақ бізде «кім кінеді?» деген сауал болған емес. Кім бірінші сабырға келсе, сол мәселені шешуге алғашқы қадам жасайды. Ең бастысы жүректе реніш пен өкпені ұзақ уақыт сақтамау қажет, – дейді отанасы Айни Қаражанқызы.


Татулық пен қолдауды тірек еткен бұл отбасының алға қойған ортақ мақсаты – шаңырақтың берекелі қалпын сақтап, өз баспаналарына қол жеткізу, кәсіби тұрғыда тоқтаусыз даму. Ең бастысы, бес перзентіне дұрыс тәрбие беріп, олардың өмірлік жолында биік белестерді бағындыруына тірек болғысы келеді. Осы орайда ынтымағы жарасқан жас отбасыдан үй ішінде қалыптастырған дәстүрлер жайлы сұрадық.

– Біздің отбасымызда бірсарындылыққа орын жоқ, сондықтан белгілі бір күнмен шектелетін қағидалар да болған емес. Біз үшін әр күн ерекше тосынсый мен қуанышқа толы. Жаратушының нәсіп еткен сыйы перзенттерімізбен бірге өткізген әрбір минутымыз біз үшін маңызды. Балаларды адамгершілік пен мейірімділікке, үлкенді құрметтеп, пікірін тыңдауға, жауапкершілік пен еңбекқорлыққа баулып келеміз. Оларды білімді әрі елін сүйетін нағыз азамат етіп өсіру – біздің басты міндетіміз. Үлкендердің батасы мен оларға деген құрмет – шаңырақ татулығының басты сыры, – дейді Ерболат Бақтыгерейұлы.

Сабыр мен сүйіспеншілікті серік еткен жас отбасы ошақ отының жылуы сыйластыққа екенін дәлелден келеді. Олардың бүгінгі бақыты мен берекесі де көпке үлгі.

– Отбасын құру – үлкен жауапкершілік, алайда бұл қадамнан қорықпау керек. Ең бастысы жаныңызға серік болатын жанды дұрыс танып, қиындықты бірге еңсеруге дайын болу қажет. Себебі нағыз отбасы сенімнен басталады. Біздің ойымызша, бақытты отбасының формуласы «сүйіспеншілік, сенім, сабыр мен сыйластықтан» тұрады. Осы құндылықтар сақталған ошақтың оты өшпейді, берекесі мен бақыты тұрақты болады, – дейді көпбалалы отбасы.

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ



Негізгі суреттен алынды



Басы 1-бетте

– Кәсіби мерекенің құтты болсын! Әуелі бала Мәриямның арманы жайлы қозғасак. Теміржол саласын таңдауыңызға не себеп?

– Рәқмет! Шынымды айтсам, бала кезімдегі ең үлкен арманым – мұғалім болу еді. Біреуге жаңа нәрсе үйрету, білгенімді бөлісу маған әрқашан ұнайтын.

Бірақ теміржол саласына деген қызығушылық та бала кезден қалыптасты десем болады. Туыстарымыз жақын аймақта тұратындықтан, пойызға сирек мінетінбіз. Сондықтан болар, ол кезде пойызға мінудің өзі мен үшін ерекше әсер сыйлайтын. Кейін осы қызығушылық мамандық таңдауыма әсер етіп, «Қазақ көлік және коммуникациялар» академиясына оқуға түстім.

– Білім алған оқу орныңыз бен еңбек жолыңыздың басталған кезеңі туралы айтып беріңізші.

– Алматы қаласындағы М.Тынышпаев атындағы Қазақ көлік академиясын тәмамдадым. Оқуымды аяқтағаннан кейін еңбек жолымды өндірістен, нақтырақ айтқанда Тараз қаласындағы вагон жөндеу депосынан бастадым. Мен үшін дәл сол кезең үлкен тәжірибе мектебі болды. Теориялық білімімді тәжірибемен ұштастырып, мамандықтың қыр-сырын сол жерде үйрендім десем болады. Алғашқы ұжымым да менің кәсіби қалыптасуыма үлкен ықпал етті. Жұмыстан ешқашан қашқан емеспін, керісінше әр жаңа тапсырманы тәжірибе жинауға мүмкіндік ретінде қабылдадым. Бүгінде сол алғашқы еңбек жолында алған білімім мен тәжірибем қазіргі қызметімде де өз пайдасын тигізіп келеді.

– Қазір өзіңіз атқарып жүрген қоймаішілік логистика менеджері қызметінің негізгі міндеттері қандай? Бұл қызмет теміржол саласының үздіксіз жұмысын қамтамасыз етуде қандай рөл атқарады?

– Біздің негізгі міндетіміз – материалдық базалардың жұмысын үйлестіру және олардың тиімді қызметін қамтамасыз ету. Материалдық базалар теміржол саласында өте маңызды рөл атқарады. Себебі олар арқылы еліміздің барлық өңірлеріндегі жол шаруашылығы, электрмен жабдықтау, сигнализация

Мәриям ТАЛАСОВА: ТЕМІРЖОЛДА ТЕМІРДЕЙ ТӘРТІП БАР

және байланыс, өрт сөндіру пойыздары, қалпына келтіру пойыздары, вокзал шаруашылықтары сияқты өндірістік бөлімшелер тауарлық-материалдық құндылықтармен қамтамасыз етіледі.

Қарапайым тілмен айтқанда, біздің жұмысымыз – қажетті материалдардың тиісті бөлімшелерге уақытылы әрі толық жеткізілуін ұйымдастыру. Бұл өз кезегінде теміржол инфрақұрылымының үздіксіз әрі қауіпсіз жұмыс істеуіне тікелей ықпал етеді.

– Саладағы күнделікті жұмысыңыз жайлы тарқатсаңыз, ең жауапты тұстары қандай?

– Күнделікті жұмысым ол материалдық базалардың жеткізушілерден тауар материалдық-құндылықтарды сапалы қабылдауын қадағалау, қоймалардағы қорлардың қозғалысын қадағалау, есептерді талдау және әртүрлі құрылымдық бөлімшелермен өзара жұмыс жүргізуден тұрады. Ең жауапты тұсы – қажетті материалдардың уақытында жеткізілуін және сапалы кпбылдануын қамтамасыз ету. Өйткені бір материалдың кешігуі өндірістік процестерге әсер етуі мүмкін.

– Басқа құрылымдық бөлімшелермен өзара байланыс бар ма?

– Әрине, біздің жұмысымыз басқа құрылымдық бөлімшелермен тығыз байланысты. Жоғарыда айтып өткенімдей, біз Қазақстан бойынша жол бөлімшелерін толықтай тауарлық-материалдық құндылықтармен қамтамасыз етеміз. Сондықтан олардың қажеттілігін уақытылы анықтап, қажетті материалдармен үздіксіз қамтамасыз ету – біздің негізгі міндетіміздің бірі. Осы себепті бұл салада әр құрылымдық бөлімшенің



өзара үйлесімді жұмысы өте маңызды.

– «КТЖ-ның 100 жас есімі» жобасы жайлы білгіміз келеді. Бұл жобаны кәсіби жолыңыздағы қандай белес деп бағалайсыз?

– «КТЖ-ның 100 жас есімі» – бұл компанияның жастарды дамытуға бағытталған маңызды жобаларының бірі. Оның басты мақсаты – этика, меритократия, кәсібилік және компанияға адалдық сияқты құндылықтарды өз ісімен дәлелдеп жүрген жас қызметкерлер арқылы насихаттау. Жобаға қатысу оңай емес. Іріктеудің жеті кезеңінен

сүрінбей өту қажет. Сондықтан бұл жобаға іріктелуді мен кәсіби жолымдағы маңызды белестердің бірі деп есептеймін.

Мен үшін бұл – тек жетістік ғана емес, өзіме деген сенімнің артқанын көрсететін маңызды кезең болды. Осындай жобаға іріктелу күнделікті атқарған еңбегімнің бағаланғанын сездірді. Бұл алдағы уақытта да өзімді дамытып, жұмысыма бұрынғыдан да үлкен жауапкершілікпен қарауға жігер береді.

– Аталған жоба жас мамандарды ынталандыруда қаншалықты маңызды?

– Менің ойымша, бұл жоба жас мамандарға



үлкен мотивация береді. Өйткені ол өз әлеуетінді көрсетуге, жаңа ортаға енуге және кәсіби тұрғыда өсуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар жастарды үнемі ізденуге, өз-өзін дамытуға ынталандырады.

Өз тәжірибемен айтсам, мұндай жобалар адамның өз мүмкіндігін басқа қырынан тануына ықпал етеді. Әртүрлі саладағы әріптестермен танысып, тәжірибе алмасудың өзі – үлкен мектеп. Сондықтан бұл бастама жастардың тек кәсіби тұрғыда емес, тұлғалық жағынан да дамуына оң әсер етеді.

– Жоба аясында өзіңіз үшін қандай жаңа тәжірибе мен мүмкіндікке ие болдыңыз?

– Бұл жоба менің кәсіби және жеке дамуыма үлкен әсер етті. Көптеген тәжірибелі спикермен, көшбасшылармен және еліміздің әр өңірінен келген жас әріптестермен таныстым. Олардан алған тәжірибе мен білім бүгінгі жұмысыма да оң ықпалын тигізіп келеді. Ең басты жетістіктерімнің бірі – жобаға қатысқан екі жылдың ішінде төрт ротациядан өтуім. Бұл маған түрлі бағытта тәжірибе жинақтап,

кәсіби тұрғыда жан-жақты дамуыма мүмкіндік берді. Сондықтан бұл жобаны өз мансабымдағы маңызды әрі нәтижелі кезеңдердің бірі деп бағалаймын.

– Хоббиіңіз қандай? Жұмыстан тыс уақытта немен айналысқанды ұнатасыз?

– Бос уақытымды отбасыммен өткізуге тырысамын.

Сонымен қатар спортпен айналысқанды ұнатамын, өзімді үнемі жақсы формада ұстауға тырысамын. Кітап оқып, жаңа нәрселерді үйрену де маған ерекше шабыт сыйлайды. Кейде шығармашылықпен айналысып, тәттілер әзірлеуді де жақсы көремін.

– Теміржол саласын таңдағысы келетін жас буынға қандай кеңес берер едіңіз?

– Ең алдымен өз ісінзіді жақсы көру керек. Теміржол саласы жауапкершілікті, тәртіпті және үздіксіз дамуды талап етеді. Егер үйренуден қорықпай, еңбектенуге дайын болсаңыз, бұл сала үлкен мүмкіндіктерге жол ашады. Әрдайым білім алуға, тәжірибе жинауға және өзіңізді дамытуға ұмтылыңыз. Сонда еңбегіңіздің нәтижесін міндетті түрде көресіз.

Теміржол – бір қарағанда қиын көрінгенімен, өз



ісіне адал әрі еңбеккор адам үшін болашағы зор сала. Ең бастысы – бастаған ісіңізден тез нәтиже күтпей әр күнді жаңа тәжірибе жинауға мүмкіндік ретінде қабылдау. Ізденістен жалықпай, жауапкершіліктен қашпай еңбек етсеңіз, еңбегіңіз міндетті түрде бағаланады.

– Сұхбат үшін рақмет! Еңбегіңіздің жемісін көріңіз!

Плацкарт вагоны – посткеңестік кеңістіктегі миллиондаған адамның өмірімен тығыз байланысты теміржол көлігінің бір түрі. Өлдекім үшін ол студенттік шақтың естелігі болса, енді біреу үшін алыс сапардың таптырмас серігі. Жайлылығы жағынан купе вагондарынан кем болғанымен, бағасының қолжетімділігі мен жолаушы сыйымдылығының жоғары болуы плацкартты ең сұранысқа ие вагонға айналдырды. Алайда көпшілік оның атауы қайдан шыққанын және мұндай вагондардың қалай пайда болғанын біле бермейді.

Теміржол қатынасы енді ғана дамып келе жатқан XIX ғасырдың алғашқы кезеңінде сатылған пойыз билеттері бүгінгідей нақты орынмен белгіленбейтін. Жолаушы тек белгілі бір вагонға билет алып, сол вагон ішіндегі бос орындардың кез келгеніне жайғасатын. Ол кездегі арзан санаттағы вагондардың іші қазіргі электр пойыздарының салонына ұқсас еді. Тек орындықтар қойылып, ұйықтайтын орындар қарастырылмаған. Бастапқыда бұл жүйе қарапайым әрі ыңғайлы болып көрінгенімен, уақыт өте келе алыс сапарларда түрлі қиындық туғызды. Жолаушылар арасында орынға талас көбейіп, сапар барысында жайсыздық жиілей түсті. Сондықтан теміржол компаниялары билетті нақты орынға сатудың қажеттілігін түсінді.

Алғашқы кезеңде нақты орынға нөмірленген билет барлық жолаушыға бірдей бұйыра бермейтін. Ол тек қана алыс сапарға шығатын адамдарға берілетін. Мұндай билет жолаушының бүкіл жол бойы өз орнының сақталуына кепілдік берді. Бұл бір жағынан тәртіпті күшейтсе, екінші жағынан теміржолшылар үшін қосымша табыс көзіне айналды. XIX ғасырда мұндай орынды растайтын құжат негізгі билетке қосымша ретінде берілетін. Германияда ол «Platz-Karte», яғни «орын картасы» немесе «орынға арналған билет» деп аталды. Уақыт өте келе дәл осы сөз Шығыс Еуропа елдерінде кең таралып, кейіннен белгілі бір вагон түрінің атауына айналды. Яғни бастапқыда «плацкارت» вагонды емес, жолаушының нақты орны көрсетілген қосымша билетті білдірген.


Теміржол желілерінің ұзарып, пойыздардың мыңдаған шақырымды еңсере бастауы жолаушыларға тек отырып қана емес, жатып демалуға мүмкіндік беретін вагондар қажеттілігін туғызды. Осылайша орындықтармен қатар ұйықтайтын орындары бар вагондар жасала бастады. Тарихшылар мұндай вагонды алғаш кім жасағанын нақты айта алмайды. Дегенмен қазіргі

плацкарттың алғашқы үлгілері XIX ғасырдың 1870-жылдарының басында-ақ пайда болғаны белгілі.

XIX ғасырдың екінші жартысында Ресейде «ашық вагондар» деп аталатын жолаушылар вагондары шығарыла бастады. Олар бірнеше санатқа бөлінді. Вагонның класы неғұрлым төмен болған сайын оның ішінде жолаушылар саны мен төсек орындары көбірек орналастырылды. Бұл вагондардың басты ерекшелігі – купедегідей жеке бөлмелердің болмауы еді. Осындай үлгідегі вагондар Еуропаның өзге мемлекеттерінде де пайдаланылды. Ағылшын тілінде олар «Couchette car» деп аталды. Бұл ұғым қазіргі түсініктегі плацкартқа өте жақын. Бірнеше ұйықтайтын орын бір қатарға орналасып, олардың арасы қалқалармен бөлінгенімен, орталық дәлізден толық оқшауланбаған. Бір қызығы, XIX ғасырдың өзінде-ақ мұндай вагондардың жайлылығы жоғары, люкс санаттағы түрлері де болған.

1917 жылдан кейін теміржол жүйесі қайта ұйымдастырылып, бұрынғы жіктеу өзгерді. Соның нәтижесінде «ашық вагон» атауы біртіндеп «плацкарт вагон» деген жаңа атаумен

ПЛАЦКАРТ: ТҰТЫНУШЫСЫ КӨП ВАГОННЫҢ ТАРИХЫ



алмастырылды. Осы кезеңнен бастап «плацкарт» сөзі билетке емес, вагонның өзіне қатысты қолданыла бастады. Алғашқы плацкарт вагондары бірыңғай үлгімен шығарылған жоқ. Әр зауыт өз жобасын жасап, вагондардың ішкі құрылысын өзінше әзірледі. Барлығына ортақ көрсеткіш – ұзындығы шамамен 14 метр болуы ғана еді.

1928 жылдан бастап Кеңес Одағында ұзындығы 20 метр болатын жаңа ағаш вагондар шығарыла бастады. Олар плацкарт және купе нұсқаларында жасалды.

Ал бүгінгі көпшілікке таныс плацкарт вагондарының бейнесі тек 1960-жылдардың басында толық қалыптасты. Дәл осы кезеңде инженерлер жолаушылар сыйымдылығын арттыру

мен қолайлылық арасындағы тепе-теңдікті таба алды. Екі қабатты төсек орындары орналастырылып, әр бөлімше шағын қалқалармен бөлінді. Мұндай шешім вагонның сыйымдылығын жоғалтпай, жолаушыларға белгілі бір деңгейде жеке кеңістік беруге мүмкіндік жасады.


Плацкарт вагонының нақты бір авторы немесе өнертапқышы жоқ. Ол ұзақ қашықтыққа көп адамды қолжетімді бағамен тасымалдау қажеттілігінен туған инженерлік шешімдердің нәтижесі. Ол уақыт өте келе жай ғана көлік құралы емес, бірнеше ұрпақтың естелігімен астасқан мәдени құбылысқа айналды.

Бүгінде жайлылығы жоғары вагондар көбейгенімен, плацкарт өзінің маңызын жоғалтқан жоқ. Қолжетімді бағасы, үлкен сыйымдылығы және ұзақ жыл бойы қалыптасқан дәстүрі оны теміржол тарихындағы тұтынушысы ең көп вагондардың бірі ретінде сақтап келеді.

Бетті дайындаған Аружан ОРАЛБАЙ

◀ РЕДАКЦИЯҒА ХАТ КЕЛДІ

ОҚЫРМАН ОЙЫН ОҚИТЫН БАСЫЛЫМ



Ауылдан ұзап, арман қуып алыс қалаларға аттанып кеткендер бар. Қарашаңырағы бос қалып, қабырғасы сөгіліп құлау алдында тұр. Ал оны сатып кетейін десе, ауылда хан сарайындай үйлердің өзі өтімсіз.

Нарық солай. Ауылда үлкендер де азайған. Толқынды толқын қуып келеді, бірақ қамкөңіл қарт «ассалаумағалейкүмінен» «уағалейкумассаламы» көбейіп, кейінге қарап, көздің жасын сығып алады. Өмір керуен ғой. Осы ауылдан қалаға көшу дегенді ұғына алмай келеміз. Мектептерде де бала саны азайған. Өткен сандардың бірінде Аружан Оралбай «Алтын бесік бос қалмасын» деп, осы мәселені айқын көтерді. Тәнті болып оқыдық. Біздің көңілге қаяу түсіріп жүрген мәселені жақсы көтеріпті.

Ауылдан кеткендерді санап, көңілі құлазыған елдегілердің еңсесі тіктеліп, бұл мәселе қоғамның назарында екен ғой деп болашаққа сеніммен қарай басталық. Иә, әлдекімдер үшін жай ғана жазылған мақала болып көрінуі мүмкін. Бірақ біз үшін ауыл

халқының хал-ахуалына алаңдайтын адамдардың бар екенінің өзі қуантарлық жағдай болды.

Ауылда тұратын көкеміздің төрт ұлы облыстың төрт бұрышында тірлігін дөңгелентіп, кәсіппен айналысып жүрген. Шаңырақта тек үлкендер ғана қалды. Жасы жер ортаға келген көкеміз балаларының жолына қарап, алаңдайтын. Есік ашылса, елеңдеп отырды. Жақында сол көкеміздің төрт ұлы ауылдан босаған үйлерді сатып алып, мал шаруашылығын қолға алды. Кішісі шаңыраққа келді. Бір кездері томаға тұйыққа айналған ақсақалдың жүзі жадырап, үйі «балалы үй – базарға» айналды. Көңілінің ауласында тай-құлындай тебіскен немерелерді көріп, көңілі марқайып отыратын болды. Бұрын төсек тартып қала беретін отанасы да тың болды. Жан-жағына ақылын айтып, немерелеріне қарап, бәйек болып отыр. Солғын тартқан екеу өздерінің үлкен әулет екенін сезініп, жақсарып кетті. Келіндері де жағдайын жасап отыр. Құртмайы дастарқанынан үзілмейді. Қандай тамаша?! Аружанның мақаласынан кейін осындай жағдайлар болып жатыр. Біз де қуанып кеттік. Ауылдан бір үй сатылып жатса, сол үйді ертеректе қалаға көшіп кеткендер сатып алып жатыр. Ал әлгі ақсақалдың балалары «қазір кәсіпте шекара жоқ. Шын мықты болсаң, өнімнің сапалы болса, ауылдан бастаған кәсібің әлемдік деңгейге де жете алады. Қазір ауыл мен қаланың арасы жақындады» деп көзінің ашықтығын көрсетіп отыр.

Бұл – «Ақмешіт жастарында» жарық көрген бір ғана мақаланың айналасындағы ой. Тағы бірде Инжу Маржанның «Қалтаны қаққан қай қажеттілік?»

атты мақаласын оқыдым. Қоғамға ой салатын тұсы көп. Жағадан алған нарықтың халықтың қалтасына қаншалықты батып жатқанын айтыпты. Өткір ойларын қаламның ұшымен қозғап, халықтың қамын ойлаған осы тілшілердің тірлігіне тәнтімін. Сол сияқты «Айнадағы адамды таныдыңыз ба?» мақалада да көп адам өзін танитын тәрзіді. Ал мақаладан адам өзін көріп жатса, журналистің өзі ойлаған мақсатына жеткені. Мұнан артық не керек?! Қоғамның ми қалтасын ашып тұрып, соған саңылау салып, сәуле құйып жатса, газеттің ағартушылық қырының айқын көрінісі емес пе?!

Қазір қоғамда арзан күлкіге құмартқандар қатары көп. Жеңіл әңгімеге езу тартқан көпшіліктің, хайп қуып, тайып құлап жатқандардың өмірі де әр мақалада айтылып келеді. Салмақты ой мен байыпты көзқарас қай кезеңде де алда. Кей сәтте мән берілмей қалуы мүмкін, бірақ ол өміршеңдігін жоғалтпайды.

Бала тәрбиесі, бүгінгі балалардың денсаулығы, өмірдің өзінен алған әңгімелер – мұның барлығын мен оқырман ретінде газет бетінен көріп келемін. Газеттің халыққа берері көп болғанда, ол мәнін де, маңызын да жоғалтпайды. Мен үшін «Ақмешіт жастары» қоғамдағы түрлі жағдайларды назарынан тыс қалдырмайтын басылым. Оқырман ойын дөп басып жатса, оның халықпен бірге екенін сезінесің.

Мың алғыс, сіздерге!

Аякөз СПАНОВА,

Текей батыр Қапықұлы атындағы жоғары колледжінің оқытушысы

«ЖАС ТІЛШІ» ҮЙІРМЕСІНІҢ ОҚУШЫЛАРЫ ОЙЫН БІЛДІРДІ



«Жас тілші» клубының мүшелері

БОЛАШАҚ – БІЛІМДІ ЖАСТАРДЫҢ ҚОЛЫНДА

Қазіргі заман – білім мен инновацияның ғасыры. Қазақстанның экономикалық, мәдени және саяси дамуы тікелей жастардың білім деңгейіне байланысты. Жастар – елдің қозғаушы күші, ал олардың білімді, шығармашыл және белсенді болуы – мемлекет болашағының кепілі.

Қазақстанда білім беру жүйесін дамытуға ерекше көңіл бөлінуде. Орта білім тегін әрі қолжетімді, жоғары білім алу үшін мемлекеттік гранттар саны жыл сайын артып келеді. Сондай-ақ, жастарға шетелде білім алуға мүмкіндік беретін «Болашақ» бағдарламасы жолға қойылған.

Алайда, білім беру саласында әлі де шешуді қажет ететін мәселелер бар. Мысалы, ауыл мен қала мектептері арасындағы білім беру сапасының алшақтығы, практикалық білімнің жеткіліксіздігі және цифрлық сауаттылық деңгейінің төмендігі сияқты мәселелер жас ұрпақтың дамуына кедергі келтіруі мүмкін.

Білімді жастар экономиканың түрлі салаларында жаңашыл жобаларды жүзеге асыра алады. IT, медицина, инженерия, ауыл шаруашылығы сияқты салаларда заманауи білім мен технологияларды қолдану елдің дамуына серпін береді.

Жастардың жоғары білім деңгейі қоғамда теңдік пен әділеттілік орнатуға көмектеседі. Білімді ұрпақ өз құқығын қорғай алады, қоғамдағы әлеуметтік мәселелерге бей-жай қарамай, оларды шешуге белсенді атсалысады.

Білімді жастар ұлттық мәдениетті сақтап, оны әлемге танытуда маңызды рөл атқарады. Олар тарихи мұраларды зерттеп, қазақ халқының өнері мен дәстүрлерін заманауи форматта насихаттай алады.

Білім жастардың саяси сауатын арттырып, оларды белсенді азамат болуға ынталандырады. Бұл елдегі демократиялық құндылықтарды нығайтуға септігін тигізеді. Мектептер мен жоғары оқу орындарында заманауи технологияларды пайдаланып, практикалық дағдыларды дамытуға көңіл бөлу қажет. Әсіресе, ауыл мектептерінің сапасын жақсартып, барлық жастарға тең мүмкіндік беру маңызды.

Халықаралық тәжірибе жастардың көзқарасын кеңейтіп, жаһандық еңбек нарығында бәсекеге қабілетті болуына ықпал етеді. Сондықтан шетелде білім алу бағдарламаларының санын арттыру және олардың қолжетімділігін қамтамасыз ету керек.

Шағын және орта бизнесті дамыту арқылы жастардың өз ісін бастауына жағдай жасау қажет. Мемлекеттік гранттар мен төмен пайызды несиелер жастардың экономикалық белсенділігін арттырады.

Қазіргі цифрлық дәуірде жастардың технологияларды меңгеруі – уақыт талабы. Мектептер мен университеттерде IT және бағдарламалау сабақтарын көбейту маңызды.

Нұркемел АЙДЫНҰЛЫ

ҮНСІЗ ҚАЛМАЙМЫЗ!

Біздің қоғамда еңбекқор адамдар қоғамның дамуына үлкен үлес қосып келеді. Олар таң азыннан қара кешке дейін, кейде тіпті түн ортасына дейін жұмыс істейді. Алайда олардың еңбегі лайықты бағаланбай, айлық жалақылары төмен есептеледі. Ал кейбір адамдар сайыстарда немесе сайлауларда ақша арқылы жеңіске жетіп жатады. Мұның әділетсіздік екені анық. Осындай әділетсіздік қоғамның дамуына кедергі келтіріп, еңбекқор адамдардың мотивациясын төмендетеді. Өкінішке қарай, қоғамдағы көптеген адам мұны түсінбейді немесе елемейді. Біз мұндай жағдайда үнсіз қалмауымыз керек.

Еңбекқор жандардың еңбегінің бағаланбауы қоғамда жиі кездеседі. Көп адам өз өмірі мен уақытын қоғамға арнап, маңызды қызметтер атқарады. Мысалы, ауылдағы мұғалімдер, дәрігерлер, қызметкерлер мен фермерлер – барлығы қоғамның дамуына үлес қосып жүрген жандар. Алайда олардың еңбегі көбіне лайықты марапатқа ие болмайды. Табысы аз, әлеуметтік жағдайлары төмен. Бұл жағдай жастардың өз күш-жігерін дұрыс бағытта пайдаланудан бас тартуына әкелуі мүмкін.

Қолдан жасалған жеңістер – қоғамға үлкен қауіп. Қоғамдағы әділетсіздіктің тағы бір көрінісі – сайыстар мен сайлауларда ақша арқылы жеңіп кету. Кейбір адамдар өз қабілеті мен еңбегінің арқасында емес, қаржылық мүмкіндігін пайдаланып алға шығады. Мысалы, кәсіпкерлік жарыстарда немесе мектеп, колледж, университет деңгейіндегі сайыстарда ақша арқылы дауыс жинау әлі де кездеседі. Мұндай әділетсіздік еңбекқор адамдарға мүмкіндік бермей, қоғамда сенімсіздік туғызады.

Қоғамның үнсіздігі – әділетсіздіктің жалғастырушысы. Ең өкініштісі, қоғам бұл әділетсіздікке

көп жағдайда үнсіз қарайды. Көп адам бәрін көріп тұрса да, қорқып немесе бей-жай қарап қалады. Ал бұл үнсіздік әділетсіздіктің одан әрі жалғасуына жол ашады. Мысалы, ауылдық жерлерде мұғалімдер, дәрігерлер мен фермерлердің еңбегі аз бағаланып, ал кейбір бай немесе ықпалды адамдар сайлауда жеңіске жетіп жатады.

Ауылдық жерлерде дәрігерлер күні бойы науқастарды қабылдап, өз өмірін осы салаға арнайды, бірақ олардың айлығы қаладағы әріптестеріне қарағанда бірнеше есе төмен. Мектеп мұғалімдері қосымша сабақ өткізіп, оқушыларды дайындайды, алайда бұл еңбек көп жағдайда ешқандай марапатсыз қалады.

Жеңілдің астымен, ауырдың үстімен жүріп, майлы қасықтай шылпылдайтындар жеңімпаз атанып, әділ еңбектенген жандар мүмкіндіксіз қалып кетеді. Мұның барлығы – қоғамның қауіпі.

Әділетсіздіктің салдары ауыр. Мұндай әділетсіздік қоғамда сенімсіздік тудырады. Еңбекқор жастар өз күш-жігерін дұрыс бағытқа жұмсауға күмәнмен қарап, кейде мүлде басқа жолды таңдауға мәжбүр болады. Әділетсіз жеңістер мен бағаланбаған еңбек – экономикалық әрі әлеуметтік дамуға үлкен кедергі. Сонымен қатар, әділетсіздікті көріп тұрып үнсіз қалу – қоғамдағы қорқыныш пен бей-жайлықтың белгісі.

Еңбек пен әділетсіздікке үнсіз қалу қоғам дамуына кедергі келтіреді. Біз еңбекқор адамдардың еңбегін бағалап, әділдік үшін күресіп, өз ойымызды ашық айтуымыз керек. Әр адам өз әрекетімен әділетті қоғам құруға үлес қосуы тиіс. Біз еңбекқорлардың еңбегін, әділеттілікті және шынайы жеңістерді қорғауға міндеттіміз.

Біз әділетсіздікке үнсіз қалмаймыз!

Айгерім ЕСІМХАН



МЕНІҢ ӘКЕМ

Адам өмірінің әрбір кезеңінің алға қоятын мақсаты, атқаратын міндеті, одан да биік, жауапты кісілік парызы бар. Соның бірі – әкелік парыз.

Әке – өз ұрпағын өмірге әкеліп, әулеттің тіршілігін жалғастыратын биологиялық тұлға ғана емес, сонымен қатар балаларына тәлім-тәрбие беретін, өмірлік құндылықтарға баулып, болашағын қалыптастыратын руханияттың қайнар көзі.

Әке болу – қасиетті де қастерлі міндет. Бұдан ұрпақ жалғастығы ғана емес, әулеттің әрбір буынының сабақтастығын да көреміз. Біздің әулетте ата-бабамыздан жалғасып келе жатқан халықтық дәстүр мен ұлттық мәдениеттің тәрбие мектебі Зордан Салықбаев атамыздан бастау алады. Мемлекетке, қоғамға бар жан-тәнімен қызмет етіп, бойындағы бар асыл дүниесін халқына арнау – атама тән қасиет. Ол кісінің поэзия мен қазақтың қара сөзіндегі орны да, қалдырған рухани байлығы да, соған орай халықтың құрметіне ие болуы да – соның дәлелі. Жалағаш кентінде Зордан Салықбаев көшесімен жүргенде бойымды ерекше толқыныс пен мақтаныш сезімі билейді.



Атам балаларының тәрбиесіне ерекше мән беріп, олардың жоғары білім алуына, өзінің ізгілікті ісін жалғастыруына мүмкіндік жасаған. Әділдік, туралық, білім-білігінмен, маңдай терімен күн көру, көптің мақсатын жеке мүддеден биік қою – біздің әулетімізде ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан өнегелі жол. Менің де осы қиын болса да қастерлі соқпақпен жүргім келеді. Әкем Зорданұлы Үсен – менің жанымға ең жақын, кез келген жағдайда түсіністік танытатын, әкелік махаббаты мен өрелі болмысы жүрегінді жылытып тұратын жан. Ол қашан да жанымыздан

табылып, әкелі-балалы болып әңгімелесіп, сырласып, ақыл-кеңесін айтып, көңілімізге де, жүрегімізге де жол таба білді. Балалық қателіктеріміз де болды, алайда әкеміз бізге ешқашан дауыс көтерген емес. Тіпті өзге адамдарға да ауыр сөз айтқанын естіген емеспін. Қандай ортада болсын өзін ұстай білетін, көшпшіл, парасатты кісі еді. Қашанда өнегелі өз айтып, өз әкесі мен атасынан алған тағылымды біздің бойымызға сіңіруге тырысатын. Білім алудың маңызын айтып, тәрбие берген әкем өмірдің қыр-сырын да үйретті. Оның санамда қалған соңғы өсиеті: «Қоғам да, адам да өзгереді. Өркениеттің негізінде тәрбиелілік пен ақыл-парасат жатуы керек. Адамның сөзіне емес, ісіне қара. Әркім әдемі сөйлей алады, бірақ сөз бен ісі бір болуы керек. Маңыздысы – адамның іс-әрекеті. Сөзі мен ісі қабыспайтын адамдарға сенбе, олардан сақтан. Жақсыны да, жаманды да, досты да, дұшпанды да тани білуді үйрен. Саған түрлі ниетпен жақындайды: біреулер шынайы дос болса, екіншілері өз пайдасын ойлайды. Тек байқампаз бол», – деген еді.

Бұл өсиет менің өмірлік бағдаршамыма айналды. Ешқашан артық сөз айтпай, ақылын жүрекке жетер салмақпен жеткізетін әкемнің әрбір ісі мен сөзі – мен үшін өмірлік азық, тәрбиелік сабақ. Әкем – қайсарлықтың, қарапайымдылықтың, адалдық пен ақыл-парасаттың, шынайы сүйіспеншілік пен мейірімнің айқын көрінісі.

Нұрай ЗОРДАН



АДАМ, ӨМІР ЖӘНЕ МӘН

Дегенмен, күнделікті өмірде біз бұл қатан иерархияның бұзылатынын жиі байқаймыз. Мысалы маңызды емтиханға немесе жобаға дайындалған адам ұйқы мен тамақты ұмытып, жұмысқа бас салады. Ал ұлы туынды жасауға ұмтылған суретші материалдық таршылық пен аштыққа қарамастан, өз шығармашылығын жалғастыра береді. Осындай заңдылықтарды ескере отырып, Клейтон Альдерфер өзінің ERG теориясын ұсынды.

Альдерфер адам қажеттіліктерінің бір уақытта қатар өмір сүре алатынын және бұл иерархияның қатып қалған қағида емес, өте икемді дүние екенін дәлелдеді. Яғни адам тұлға ретінде өсе отырып, әлеуметтік байланыстарын да нығайта алады. Алайда бұл теорияда да кері шегіну ұғымы бар. Егер жоғары деңгейдегі қажеттіліктер қанағаттандырылмаса, адам төменге қайта оралады. Бірақ бұл екі теория да адамды белгілі бір дәрежеде сыртқы факторларға бағынышты тіршілік иесі ретінде қарастырумен шектеледі.

Бұл көзқарасқа түбегейлі бетбұрыс жасаған – белгілі австриялық психотерапевт, логотерапияның негізін қалаушы Виктор Франкл. Фашистік концлагерьде өткізген жылдарын сипаттаған «Мән іздеген жан» атты еңбегінде Франкл адамның басты қозғаушы күші физиологиялық қажеттілік немесе билікке ұмтылыс емес, ең алдымен өмірдің мәнін іздеу екенін алға тартты.

Франклдың бұл тұжырымы Маслоу пирамидасын түбегейлі төңкеріп тастады. Концлагерь жағдайында адамдардың қарапайым физиологиялық мұқтаждықтары мүлдем қанағаттандырылмады. Егер Маслоу теориясына сүйенсек, ондай жағдайда адам тек тән амандығын ойлап, рухани құндылықтан мүлдем жұрдай болуы керек еді. Алайда Франкл мүлдем басқа құбылысты байқады. Лагерьдегі ең ауыр сынақтарға төтеп беріп, тірі қалғандар – физикалық тұрғыдан ең мықтылар емес, болашаққа деген үмітін үзбей, өмірінің мәнін жоғалтпағандар жандар болды. Олар үйіне оралып жақындарын құшақтауды, басқаларға қол ұшын созуды мақсат етті. Олардың «не үшін?» деген сұрағына жауап бар еді, сондықтан олар кез келген «қалай?» деген қиындыққа төзе алды.

Сонымен қатар Франкл заманауи қоғамдағы рухани қанырау мәселесін және оның салдарынан туындайтын қиындықты сипаттады. Адамның барлық физиологиялық және әлеуметтік қажеттіліктері өтелген кезде де бойында өмір мәнін түсінбеушілік болса, ол депрессия мен мағынасыздыққа бой алдырады. Психолог Юрий Михеевтің пайымы да мұны растайды. Материалдық жағдайы жақсы, қоғамда орны бар адамдардың жиі депрессияға шалдығуының негізгі себебі – мәннің жоқтығы. Бұл мән іздеудің қажеттіліктер тізбегінің соңында емес, дәл басында тұрған ең басты экзистенциалды мұқтаждық екенін дәлелдейді.

Осы идеяны жазушы Санжар Керімбайдың бала тәрбиесі мен саби психологиясына қатысты пайымдауымен байланыстырақ, заңдылықты көреміз. Сәбидің дүниеге келуі – тек физиологиялық өсу ғана емес, сонымен бірге әлемді тану, оның мағыналық құрылымын қабылдау процесі. Жазушы бұл туралы былай дейді: «Саби екеш сәбидің өзі мағынасыз, мәнсіз қызыққа жұтылғанда сана-сезімі ауытқып шыға келеді. Сол үшін де мамандар: «Балаға смартфон берме! Мағынасыз ойынға жолатпа! Ол отырған жерде мәнсіз, бос сөйлеме! Миына зақым келеді», – деп ескертуден шаршамайды. Сәби үшін Мән әлемі мағынаға толы Бесік жырымен ғана ашылады».

Ал егер адамның ішкі әлемі мәнге толмаса не болмақ? Онда материалды байлық та, өзгенің қошеметі де болар, бірақ мәнсіз өмір – іші бос қуыс сияқты. Сонда бізге өз Мәнімізді табуға не кедергі?

Адам қарыны тоқ, уайымы жоқ кезде ғана ойланатын машина емес. Біз дүниеге келген сәттен бастап, тіпті бесікте жатқан кездің өзінен-ақ мағыналық кеңістікке мұқтажбыз. Сондықтан өмір мәнін іздеуді физиологиялық қажеттіліктер өтелгеннен кейін ғана басталатын кезең деп қарастыру – қателік. Адам тән ретінде ғана емес, ең алдымен мән мен мағына ретінде өмір сүреді.

Мейір НИЕТ

Гүлнұр АБЛАЙХАНҚЫЗЫ:

МОТИВАЦИЯ – УАҚЫТША СЕЗІМ ҒАНА

Басы 1-бетте

– Психологияның қазіргі қоғамдағы орны қандай?

– Психология – адамның ойын, сезімін және мінез-құлқын зерттейтін ғылым. Ол адамға өзін жақсырақ тануға, эмоциясын басқаруға, дұрыс шешім қабылдауға және айналасындағы адамдармен үйлесімді қарым-қатынас орнатуға көмектеседі. Егер дәрігер адамның тәнін емдесе, психолог оның жанын емдейді. Сондықтан психология – өмір сапасын жақсартатын маңызды ғылым.

– Сіздің қабылдауыңызға келетін адамдардың басым бөлігі неше жаста?

– Көбіне 25-45 жас аралығындағы азаматтар келеді. Бұл – адамның отбасы құрып, бала тәрбиелеп, кәсіби жолын қалыптастыратын жауапты кезең. Осындай үлкен міндеттердің арасында эмоциялық шаршау, мазасыздық, отбасылық түсініспеушіліктер мен ішкі күйзелістер жиі кездеседі. Сондықтан дәл осы жастағы адамдар психолог көмегіне көбірек жүгінеді.

– Сонда мазасыздықтың артуына не себеп?

– Бүгінде ақпараттың көлемі өте көп. Әлеуметтік желідегі түрлі контенттің адамдарды бір-бірімен салыстыруға итермелеп жатқаны рас. Көпшілік бәріне үлгеруге тырысады, бірақ соның салдарынан «мен қалып қойдым» деген сезім пайда болады. Сонымен қатар ұйқының дұрыс болмауы, қаржылық қысым және рухани тыныштықтың азаюы да мазасыздықтың күшеюіне әсер етеді.

– Ал оны қалай жеңу керек?

– Жақсы сұрақ. Ең алдымен мазасыздықтың себебін анықтау қажет. Бұдан кейін дұрыс ұйқы режимін қалыптастыру, тұрақты дене белсенділігі, тыныс алу жаттығулары, күнделік жүргізу және жақын адамдармен ашық сөйлесу өте пайдалы. Егер мәселе ұзаққа созылса, міндетті түрде психологтың көмегіне жүгінген жөн. Сонымен қатар дін де жанға тыныштық сыйлайды.

– Осы орайда, сенім ұғымын түсіндіріп беріңізші.

– Сенім – адамның өміріндегі ең берік іргетас. Өзіне сенетін адам қиындықтан қорықпайды, ал өзеге деген сенім қарым-қатынасты нығайтады. Дегенмен ең маңыздысы – адамның Жаратушыға деген сенімі. Рухани тірегі мықты адам өмірдің кез келген сынағын сабырмен қабылдай алады.

– Күнделік жүргізу жайлы айтып өттіңіз. Мұндай тәсілдің психологияға қандай пайдасы бар?

– Күнделік жазу – адамның ішкі сезімдерін сыртқа шығарудың тиімді тәсілі ғой. Ол ойды жүйелеуге, эмоцияларды түсінуге және күйзелісті азайтуға көмектеседі. Кейде адам ойын қағазға түсірген кезде мәселенің шешімін де анық көре бастайды.

– Қазір мотивация туралы көп айтамыз. Сіздің ойыңызша, мотивация деген не?

– Меніңше, мотивация – уақытша сезім ғана. Ұзақ уақыт жетістікке жеткізетін дүние – тәртіп пен тұрақты әрекет. Айқын мақсат, дұрыс ниет және күн сайын жасалатын шағын қадамдар адамды үлкен нәтижеге жеткізеді.

– Психологияға қызығатын жастарға қандай кітаптарды оқуға кеңес бересіз?



Виктор Франклдің «Адамның өмір мәнін іздеуі», Джеймс Клирдің «Атомдық әдеттері», Кэрол Дуэктің «Икемді санасы», Дэниел Гоулманның «Эмоциялық интеллекті», Стивен Ковидің «Тиімді адамдардың 7 дағдысы» секілді кітаптар адамның өзін дамытуына және өмірге деген көзқарасын өзгертуге үлкен әсер етеді.

– Өз тәжірибеніздегі ерекше оқиға туралы бөліссеніз.

– Маған баласынан немесе өмірлік серігінен айырылған адамдармен жұмыс істеу өте үлкен әсер қалдырды. Әр адамның қайғыны қабылдауы әртүрлі. Сол кезде адамның жанын тындап, оған үміт сыйлаудың қаншалықты маңызды екенін түсіндім. Бұл оқиғалар маған кәсіби тұрғыдан ғана емес, адам ретінде де көп тәжірибе берді.

– Қазіргі жастар арасында қандай психологиялық мәселе жиі кездеседі?

– Бүгінгі жастар арасында мазасыздық, өзін өзгелермен салыстыру, өзін төмен бағалау, жалғыздық сезімі, эмоционалды күйзеліс кездеседі. Сонымен қатар өмірлік мақсаты жоқ адамдар да бар. Әлеуметтік желілердің әсері бұл мәселелердің одан әрі ушығуына себеп болып отыр.

– Психологқа қай кезде міндетті түрде жүгінген жөн?

– Егер адамның мазасыздығы ұзақ уақыт басылмаса, ұйқысы бұзылса, өмірге деген қызығушылығы төмендеп, қарым-қатынаста қиындықтар көбейсе немесе бұрынғы оқиғалар бүгінгі өміріне кедергі келтірсе, психологқа қаралған дұрыс. Психологтың көмегіне жүгіну – әлсіздіктің емес, өз өміріне жауапкершілікпен қарай білудің белгісі. Адамның ең үлкен байлығы – оның жан тыныштығы. Материалдық жетістік қаншалықты маңызды болса да, рухани тепе-теңдіксіз толыққанды өмір сүру мүмкін емес. Сондықтан өз сезімімізге бей-жай қарамай, қажет кезде көмек сұраудан қорықпау керек. Өйткені психологиялық саулық – бақытты өмірдің, берік отбасының және жарқын болашақтың басты негізі.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Сұхбаттасқан
Фарица ТӨРЕХАНОВА

Басы 1-бетте

– Бұл сөйлем – қоғамда өте жиі кездесетін, әрі екі түрлі мағына беруі мүмкін жағдай. Бір жағынан ата-ананың шынайы ренішін білдіруі мүмкін, екінші жағынан – балаға қысым жасау құралына айналатын манипуляция болуы ықтимал. Егер ата-ана бұл сөзді эмоциясын жеткізу үшін, ішкі күйзелісін, күтім мен үміттің ақталмағанын білдіру үшін айтса – бұл шынайы реніш. Мұндай жағдайда ата-ана «мен шаршадым», «маған қиын болды», «маған көңіл болсең екен» деген қажеттілігін дұрыс жеткізе алмай, оны кінә формасында шығарады. Ал егер бұл сөз баланы міндеттеу, қарыз сезімін ояту, шешіміне әсер ету үшін қолданылса – бұл манипуляция. Маңыздысы – сөздің өзі емес, мақсаты мен қайталануы: бір реттік, ашық эмоциямен айтылса – реніш. Жиі қайталанып, қысым ретінде қолданылса – манипуляция. Сондықтан мұндай жағдайда бала да, ата-ана да ашық әрі сау коммуникацияны үйрену керек, – дейді психолог Н.Аймаханова.

САНАДАҒЫ ЖАСЫРЫН СОҒЫС

эмоциямен шешім қабылдап тұрмын ба? Маған қысым жасалып тұр ма? Менде шынайы таңдау бар ма?». Егер осы сұрақтардың біреуіне «иә» деп жауап берсеңіз, онда бұл жағдай манипуляция болуы әбден мүмкін, – дейді кәсіби маман.

Қамқорлық па, қысым ба?

Бір қызығы, манипуляторлар кез келген адамға тиісе бермейді. Олар өздеріне ыңғайлы, тез ілігетін, көнбіс адамдарды психологиялық тұрғыдан дөп басады. Зерттеулер бойынша олардың нысанасына көбіне бәріне ұнағысы келетін, ешкімді ренжіткісі келмейтін «Жақсы бала» синдромы бар жандар, өзгенің өтінішіне «жоқ» деп айта алмайтын, өз уақыты мен еңбегін бағаламайтын жеке шекарасы жоқтар ілігеді. Сондай-ақ өзгенің мұңын тым қатты уайымдап, өз мүддесін екінші орынға қоятын эмпатиясы тым жоғары адамдар, өзгелердің пікіріне тәуелді, өзіне сенімсіздер де манипулятордың қақпауына өзі келіп түседі. Манипуляция мұндай адамдардың қалыпты тірлігін бұзып қана қоймай, денсаулығына да кері әсерін тигізеді.

– Психологиялық манипуляция адамның жүйке жүйесіне де, психикалық саулығына да айтарлықтай әсер етеді. Ұзақ уақыт қысым мен бақылауда болған адам тұрақты күйзеліс жағдайында өмір сүріп, оның ағзасында стресс гормондарының деңгейі жоғары болады. Соның салдарынан мазасыздық күшейіп, ұйқы бұзылады, тез шаршағыштық, ашушандық, зейіннің төмендеуі және шешім қабылдаудағы қиындықтар пайда болуы мүмкін.

Манипуляцияға ұшыраған адам уақыт өте келе өзіне деген сенімін жоғалтып, өз сезімдері мен ойларына күмәндана бастайды. Кінә сезімі, қорқыныш, эмоционалдық тәуелділік қалыптасып, адамның өзіндік бағасы төмендейді. Кейбір жағдайларда бұл депрессиялық белгілерге, созылмалы мазасыздыққа немесе эмоционалдық қажуға әкелуі мүмкін.



Менің тәжірибемде осындай себептермен психологиялық көмекке жүгінген адамдар болды. Мұндай жағдайларда психологиялық көмектің негізгі мақсаты – адамның жеке шекарасын қалыптастыруға, өзін қорғау дағдыларын дамытуға, эмоционалдық тұрақтылығын күшейтуге және өзіне деген сенімін қалпына келтіруге көмектесу. Психологиялық қолдау уақытында көрсетілсе, адамның психоэмоционалдық жағдайын жақсартып, өмір сапасын қалпына келтіруге мүмкіндік бар, – дейді психолог Индира Каниева.

Манипуляция – сананы емес, сенімді өзгертетін жасырын күш. Оны тани білу – еркіндігің мен жеке құқығыңды қорғаудың басты шарты. Манипуляторға қарсы тұру – өзгені жеңумен емес, өз сананды сақтай білумен сипатталады. Сондықтан жаныңыздағы адамның жасырын эмоциясына абай болған абзал.

Г.ЖҰМАДИН
Сурет ашық дереккөзден алынды



СЫР КІТАПХАНАСЫНДАҒЫ СИРЕК КІТАПТАР

Халықтың рухани болмысын, тарихи жады мен мәдени құндылығын танып-білемін деген кез келген жас үшін кітапхананың есігі ерқашан ашық. Осы мақсатта біз де Әбділда Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасына барып, көне қолжазбалар және сирек кітаптарды көзбен көріп қайттық. Ал кітапхананың негізгі қорларды сақтау бөлімінің меңгерушісі Гүлдерайым Досбергенқызы біздің барлық сауалға жауап берді.

Қорда қазақ, орыс, өзбек, қырғыз, араб, парсы, латын, тәжік, түрік, шағатай, татар және корей тілдеріндегі жазба мұралар жинақталған. Бүгінде қор көлемі 1040 дана болса, оның 11-і – көне қолжазба, ал 959-ы – сирек кітап.



Сонымен қатар қорда қазақ және орыс тілдеріндегі мерзімді басылымдар, соның ішінде 1913-1918 жылдар аралығында жарық көрген «Қазақ» газетінің тигінділері мен Тұрмағамбет Ізтілеуовтің араб қарпінде жарық көрген «Шахнама» еңбегінің көшірмелері сақталған. Барлық қор кітапхананың WEB-РАБИС бағдарламасының «сирек кітаптар» мәлімет базасына енгізіліп, оқырман игілігіне ұсынылған.

Ал қордың ерекше бөлігінің бірі – 1925-1929 жылдары қалада жарық көрген 33 сирек кітаптың көшірмелері. Бұл кітаптардың түпнұсқасы Ұлттық кітапханада сақталса, олардың көшірмелері Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана қорында жинақталған. Бұл басылымдар – Қызылорданың ел астанасы болған тарихи кезеңдегі рухани өмірді, қоғамдық ой-пікірді, әдебиеті мен ғылымды айқын көрсететін бірегей мұралар.

Аталған 33 кітаптың басым бөлігі араб графикасымен, яғни төте жазу арқылы жазылған. Сондықтан бүгінгі оқырман үшін оларды оқу оңай емес. Осы тарихи мұраны жаңа буынға түсінікті ету мақсатында зерттеуші Әубәкір Жұмабай Байзақұлы араб қарпіндегі кітаптарды қазіргі кирилл әліпбиіне аудару жұмыстарын қолға алған. Бұл – ұлттық руханият үшін аса маңызды еңбек. Қазір осы жоба аясында үш кітап – Сәкен Сейфуллиннің «Тұрмыс толқынында», «Экспресс» және Смағұл Садуақасовтың «Ұлт театры туралы» еңбектері кирилл қарпіне аударылып, оқырманға жол тартты. Қалған кітаптарда алдағы уақытта аударылмақ. Бұл игі бастама өткен мен бүгінді жалғайтын алтын көпір іспетті.

Қызылорданың ел астанасы болған кезеңінде жарық көрген кітаптар сол уақыттағы қоғамның саяси, мәдени, әдеби және ғылыми тынысын бейнелейді. Олардың қатарында Ахмет Байтұрсынұлының «Әліп-би (Жаңа құрал)» оқулығының орны ерекше. Бұл еңбек қазақ тілінің табиғатына негізделген жаңа әліпбиді үйретуге арналған маңызды оқулық болып, ұлттық білім беру жүйесінің қалыптасуына зор үлес қосты. Кітаптың суреттермен безендірілуі де сол кезеңдегі оқыту әдістемесінің жаңашылдығын көрсетеді.

Әдеби мұралардың қатарында Сәкен Сейфуллиннің «Экспресс», «Тұрмыс толқынында», «Жер қазғандар» шығармалары, Ілияс Жансүгіровтің «Сағанақ», «Сықақ», «Жаңқа», «Шәркей» жинақтары, Асқар Токмағамбетовтің «Еңбек жыры», «Тазалық тәрбие», «Сықақ өлеңдер» еңбектері ерекше маңызға ие. Бұл шығармаларда халықтың тұрмыс-тіршілігі, еңбек адамының бейнесі, елдік рух, жас ұрпақты білім мен еңбекке тәрбиелеу идеялары кеңінен көрініс тапқан.

Қордағы сирек кітаптар арасында қоғамдық-саяси мазмұндағы еңбектер де аз емес. Мәселен, Тұрар Рысқұловтың «Қазақстан» кітабында халқымыздың көне тарихы ғылыми тұрғыдан талданса, Смағұл Садуақасовтың «Қазақстанда халық ағарту мәселелері» мен «Ұлт театры туралы» еңбектерінде білім беру мен ұлттық мәдениетті дамыту мәселелері қозғалады. Сонымен бірге «Неке, үй-іші және қамқорлық туралы заң», «Нотариат туралы заң, ереже-нұсқаулары» сияқты құқықтық жинақтар сол кезеңдегі мемлекеттік басқару жүйесі мен құқықтық реформалардың көрінісі болған.

Бұл ретте Сара Есованың әйел теңдігіне арналған кітаптарының да тарихи маңызы ерекше. Оның еңбектерінде қазақ әйелдерінің қоғамдық өмірге араласуы, білім алуы, құқықтарының қорғалуы мен әлеуметтік белсенділігі туралы құнды мәлімет берілген. Ал «Қазақ әйелдерінің өткендегісі мен қазіргі жайы» атты еңбек қазақ қоғамындағы әйел мәртебесінің тарихи өзгерістерін саралап көрсетеді.

Қордағы бұл кітаптар – тек әдеби немесе ғылыми туындылар ғана емес, XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі қазақ қоғамының даму жолын, ұлттық сананың қалыптасуын, ағарту ісінің өркендеуін және мемлекет құру идеясын айғақтайтын тарихи құжаттар. Әр кітаптың сан тарау бетінде сол дәуірдің тынысы, ұлт зиялыларының ойы мен халықтың тағдыры көрсетілген.

Фариза ТӨРЕХАНОВА



Көпшілік ғылым тарихындағы ұлы тұлғалардың есімін олардың ең үлкен жаңалығымен байланыстырады. Алайда уақыт өте келе тарихи деректердің айналасында аңыз бен шындыққа жанаспайтын әңгімелер көбейген. Тіпті мектептен бері

айтып келе жатқан кейбір «ақиқаттардың» өзі кейін миф болып шығады. Ғалымдардың еңбегін жоққа шығармай-ақ, олардың өмірі мен жаңалықтарына қатысты қалыптасқан кең таралған бес жаңсақ пікірге тоқталайық.

НЬЮТОННЫҢ БАСЫНА АЛМА ТҮСПЕГЕН: ӘЙГІЛІ ҒАЛЫМДАР ТУРАЛЫ ҚАТЕ ДЕРЕКТЕР

Галилео Галилей туралы ең танымал аңыздың бірі – оның ауыр және жеңіл денелердің бірдей жылдамдықпен құлайтынын дәлелдеу үшін Пиза мұнарасынан әртүрлі салмақтағы шарды тастағаны жөніндегі әңгіме. Бұл оқиға ғалымның шәкірттерінің бірінің естелігінде кездескенімен, тарихшылар оны нақты дерек ретінде қабылдамайды. Себебі бұл мәлімет тәжірибеден жарты ғасырдан астам уақыт өткен соң ғана жазылған әрі өзге тарихи дереккөздерде кездеспейді. Шын мәнінде, Галилей тәжірибелерін көлбеу жазықтықтарда жүргізген. Ол шарларды еңіс бетпен домалату арқылы денелердің қозғалысын мұқият зерттеп, физика заңдарының қалай жұмыс істейтінін дәлелдейтін нақты нәтижелерге қол жеткізген.

Көпшілік бу қозғалтқышының авторы ретінде шотланд инженері Джеймс Уатты біледі. Алайда алғашқы бу машинасы одан шамамен алпыс жыл бұрын жасалған. 1712 жылы ағылшын өнертапқышы Томас Ньюкомен шахталардан суды сорып шығаруға арналған бу машинасын құрастырған. Бұл өнертабыс тау-кен өндірісінде үлкен серпіліс жасағанымен, басқа салаларда кеңінен қолданылмады. Ал Джеймс Уаттың басты еңбегі – осы механизмді түбегейлі жетілдіруінде. XVIII ғасырдың 70-жылдары ол қозғалтқышты тиімділігін арттырып, оны түрлі өндіріс орындарында пайдалануға мүмкіндік беретін жаңа шешімдер енгізді. Сондықтан Уатт бу қозғалтқышын алғаш ойлап тапқан өнертапқыш емес, оны өнеркәсіптік революцияның негізгі қозғаушы күшіне айналдырған инженер ретінде тарихта қалды.

Нобель сыйлығының математика саласы бойынша берілмейтіні белгілі. Осыған байланысты көпшілік арасында Альфред Нобель мұндай сыйлықты жеке басының өкпесіне бола енгізбеген деген аңыз кең таралған. Аңыз бойынша, швед математигі Гёста Миттаг-Лефлер Нобель ұнатқан әйелмен жақын қарым-қатынаста болған-мыс. Сондықтан ғалым математикаға арналған сыйлықты әдейі алып тастаған деген пікір кездеседі. Алайда тарихшылар бұл әңгімені растайтын ешқандай дәлел таппаған. Тіпті Нобель мен Миттаг-Лефлердің жақын таныс болғанына да нақты айғақ жоқ. Шындыққа жақын жалғыз дерек – Альфред Нобельдің өсиетінде математика саласы мүлде көрсетілмеген. Неліктен мұндай шешім қабылдағаны бүгінге дейін әлі белгісіз.

Ғылым тарихындағы ең әйгілі аңыздардың бірі – Исаак Ньютонның басына алма құлап, содан кейін бүкіләлемдік тартылыс заңын ашқаны туралы оқиға. Негізінде Ньютонның замандастары мен достарының жазбаларында мұндай жағдай кездеспейді. Онда ғалымның тек ағаштан алманың жерге құлағанын байқағаны айтылады. Дәл сол көрініс оған «неге барлық дене жерге қарай құлайды?» деген сұрақты қайта ой елегінен өткізуге түрткі болған. Оның үстіне Ньютон бұл мәселе жайында бұрыннан ойланап жүрген. Алманың құлауы тек оның ғылыми ізденісіне жана серпін беріп, кейін бүкіләлемдік тартылыс теориясының қалыптасуына жол ашқан.

Ең көп таралған жаңсақ пікірдің бірі – электр шамын Томас Эдисон ойлап тапты деген түсінік. Шын мәнінде, электр жарығының алғашқы үлгілері XIX ғасырдың басында-ақ пайда болған. 1802 жылы ағылшын ғалымы Хамфри Дэви электр доғалы шамды көпшілікке таныстырған. Сондықтан электр шамы идеясының алғашқы авторы ретінде дәл осы ғалым аталады. Ал Томас Эдисонның тарихи еңбегі мүлде басқа. Ол зерттеушілер тобымен бірге бұрынғы технологияны жетілдіріп, ұзақ уақыт жанатын көмір жіпшелі қыздыру шамын жасап шығарды. Сонымен қатар электр энергиясын үйлерге жеткізетін тұтас тарату жүйесін қалыптастырды. Яғни Эдисон шамды алғаш ойлап тапқан жоқ. Бірақ оны күнделікті тұрмыста пайдалануға болатын, көпшілікке қолжетімді әрі сенімді технологияға айналдырды. Оның әлемдік ғылым мен техника тарихындағы орны дәл осы жаңалығымен ерекшеленеді.

Міне, тарихтағы ең танымал ғылыми оқиғалардың бәрі бірдей шындық емес. Кейде аңыз ақиқаттан да тез тарайды. Сондықтан ғылымды мифтер арқылы емес, нақты дерек арқылы тану маңызды. Ал сіз ғалымдар жайлы қандай дерек білесіз, оқырман?

Аружан ОРАЛБАЙ

Суреттер ашық дереккөзден алынды

Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:
тел/факс: 40-11-10
БАС РЕДАКТОР
Дәулет ҚЫРДАН

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8 /7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8 /7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралу аймағы: Қазақстан Республикасы
Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018
Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А
e-mail: aqmeshit_zhastary.kz@mail.ru
Instagram: @aqmeshiit-zhastary / сайт: aqmeshit-zhastary.kz

Кезекші редактор:
Гүлдана ЖҰМАДИНОВА

Таралымы: 4494
Тапсырыс: 1242